Қазіргі уақытта цифрлық педагогика білім берудегі ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктерін, артықшылықтарын мен тиімділігін объективті бағалау кезеңінде болса, осы бағалау нәтежесінде шешілуді талап ететін көкейкесті мәселелерді анықтайды. Себебі білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріне: жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру, жалпы білім беретін мектептерге жаппай *енгізуге* нақтыланған ғылыми тәсілдердің даму кезеңінде екенін ескерсек, *жүйесіздіктің бар* екенін айтып кету керек.

Цифрлық педагогиканың *негізгі идеясы* цифрлық оқытуды ұйымдастыру арқылы, бұл әрбір білім алушының жеке білім траекториясын құру болып табылады.

Цифрлық оқыту максималды түрде *білім алушылардың мүдделерін ескеру* арқылы одан әрі білімді игеру мүмкіндігін ашып, білімнің мазмұнын кеңейту арқылы қол жеткізуге болады. Цифрлық оқыту оқытудың тиісті білім беру ортасын құру арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, *заманауи білім беру мақсаттарының* бірі – білім беру кеңістігін кеңейту. Осы мақсаттарды іске асыруда білім беру үшін *толық тұлғаны қалыптастыру* процесі негізгі шарт болып табылады. Бұл кең мағынада жеке тұлғаның *дербес психикалық процестерін дамыту* (дүниетанымын, сенімдері, идеалдары) негізінде заманға сай *ұтқыр тұлғаға* тән қасиеттерді қалыптастыру болып табылады.

Еліміздегі білім берудің мақсаты жеке тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуын қамтамасыз ету: оларға ғылым негіздерін меңгеруде – мемлекеттік тапсырысты орындау, тұлғаның сұранысын қанағаттандыруда – *олардың қабілеті, қажеттілігі мен қызығушылықтарын* ескеру. Ол үшін «әлемдік білім беру кеңістігінде» орныққан қағидалар шеңберінде оқу мен тәрбиенің жаңа үлгілерін ұсыну.

Ал егер «*әлемдік білім беру кеңістігі*» немесе «*білім беру кеңістігі*» ұғымдарының мәнін талдайтын болсақ оның сипаты: орнатылған кеңістік компоненттерінің үндесті байланысы немесе «білім беру кеңістігінің» «білім беру жүйесімен» және «білім беру ортасымен» байланысы деп түсіндіруге болады.

Бірақ «*білім беру ортасы*» мен «*білім беру кеңістігі*» терминдері бірдей ұғымдар емес. Бұл ұғымдардың өзіндік түсіндірмесі бар.

Ғылыми әдебиеттерде *білім беру ортасы* әлеуметтік-мәдени ортаның бір бөлігі ретінде қарастырылып, білім беру институттарының және өз қызметінің білім беру мақсаттарына бағытталған бос уақыт өткізу, мәдени, клубтық, ғылыми-өндірістік және басқа да бірлестіктермен кооперациялау ретінде қарастырылады.

*Білім беру кеңістігі* – әдетте білім беру мақсаттарына жету үшін білімдерді игерететін *орта деп* түсіндіреді.

Адамзаттың білім беру кеңістігі – оны қоршаған орта ғана емес, сонымен қатар білім беру іс-әрекеті барысында қарым-қатынас жасайтын немесе өзара әрекеттесетін ортасы деген анықтамалар бар.

*Білім беру кеңістігінің идеяларын* тарату білім беру субъектісінің нақтыланған траекториясы негізінде дамуы үшін білім беру процесін ұйымдастыру деп классикалық парадигма шеңберінде түсіндірілдеді.

Жалпы *білім беру кеңістігі* – үздіксіз дамитын, жеке даму формалары мен білім беру мүмкіндіктері ажырамайтын жүйе ретінде қарастырылады.

**«Білім беру кеңістігі – *educational space* – әлеуметтік байланыстар ортасы»** жүйелер ретінде жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінде түрлі арнайы қызметтерді жүзеге асыру, түрлі қатынастарға түсу арқылы субъектінің сол ортадағы алатын орнын анықтау. Сондай-ақ, әр индивидтің жеке тәжірибесінде құрылатын *жеке білім беру кеңістігі* де болуы мүмкін.

Бұл ұғымда *білім беру кеңістігінің мәні* «цифрлық оқыту мен тәрбиенің әсері арқылы адамдардың (олардың топтарының, қауымдастықтарының) тұлғалық сапалық өзгеру мен күрделі білім беру процестерін құрайды.

Цифрлық білім беру жағдайында *білім беру кеңістігін* түсіндірсек, ол тұлғаның өзін-өзі дамыту үшін арнайы орта құру мен оларға әсер ету процесі: оқу-еңбегі өнімділігінің жоғары дәрежесін ұйымдастыру, әртүрлі қабілеттерінің дамуына ықпал ете отырып, кәсіби дағдылар жиынтығын меңгертуді қамтамасыз ету.

## **Ғылым жүйесіндегі цифрлы педагогиканың орны**

Цифрлық қоғам құрудың нәтежесінде білімнің дифференциациялануы (салалануы) және ғылымның мамандандырылуы орын алады. Педагогика ғылымында мамандандырылу мен дифференциациялануы (салалануы) түбегейлі байқалады.

Философия ғылымынан оның бір саласы ретінде бөлініп шыққан педагогика ғылымы даму барысында мамандандырылып, дифференциациялану нәтежесінде түрлі салаларға бөлінді. Қазіргі уақытта оның дамып жатқан жаңа саласына цифрлық педагогиканы жатқызамыз.

Цифрлық педагогика дамып келе жатқан ғылым ретінде басқа ғылымдардан бөлек өмір сүре алмайды. Білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогиканың негізгі объектісі оқыту процесі болып, ол «адам-адам», «адам-техника», «адам-таңбалы жүйе», «адам-табиғат», «адам-көркем сурет» сияқты ғылым жүйелерімен тығыз байланысты.

Цифрлық педагогиканың әлеуметтік ғылымдармен байланысын толығырақ қарастырайық. Әлеуметтік ғылымдардың ішінде *цифрлық педагогика философиямен* тығыз байланысты. Философиялық оқыту – педагогиканың әдіснамалық негізі ретінде, тәрбие мен білім берудің мақсаттарын түсінуге ықпал етеді. Педагогиканың зерттеушілері ұстанатын философиялық көзқарастар жүйесіне педагогикалық ізденістің бағыттары, білім беру процесінің мәнін, мақсаты және технологиялық сипаттамаларын анықтау үшін байланыста.

*Цифрлық педагогика әлеуметтанумен байланысты*, себебі бұл сала халықтар мен белгілі топтардың дамуындағы тенденциялар, әлеуметтену заңдылықтарын, әлеуметтік ортаның адамға әсерін, оның қоғамдағы жағдайын, түрлі әлеуметтік институттардағы тұлғаны тәрбиелеу мәселелерін зерттейді.

Әлеуметтік педагогика педагогика мен әлеуметтану тоғысында пайда болған жаңа ғылым ретінде қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеру процестері туралы жалпы мәліметтер мен әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін, адамдардың кәсіби жұмыспен қамтылуын мектеп, отбасы және қоғам бірлесіп шешуі тиіс тәрбиенің нақты міндеттеріне зерттейтін сала.

Цифрлық педагогика экономикамен байланысты, атап айтқанда, білім экономикасы саламен байланысында білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету еңбек өнімділігін арттырудың маңызды шарттарының бірі болып табылатыны дәлелденген.

Сондай-ақ, цифрлық педагогика адам психикасының даму заңдылықтарын зерттейтін **психология ғылымдармен байланысы** ерекше маңызға ие. Адам табиғатының қасиеттерін, оның табиғи қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін түсіну, психикалық іс-әрекет және тұлғаның даму механизмдерін, заңдылықтарын ескеру, осы заңдарға, қасиеттерге, қажеттіліктерге, мүмкіндіктерге сай білім беруді қамтамасыз ету үшін, себебі жеке тұлға цифрлық оқытуда өзін-өзі оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен білім алу әрекеттерімен айналысады.

Сонымен қоса цифрлық педагогика психология ғылымының **акмеология** сияқты саласымен байланысы. Акмеология – жеке тұлға дамуының жоғары сатысына (акме) қол жеткізу мүмкіндігінің заңдылықтары мен механизмдерін зерттейтін психологияның саласы.

Цифрлық педагогика «адам мен техника» ғылымдар жүйесін зерттейтін **инженерлік психологиямен** тығыз байланысты. Аталған байланыс орнатылуда. Бұл цифрлық педагогикамен **инженерлік** ғылымның деректері мен техникалық құралдары: ЭЕМ-ды, компьютерлерді оқу процесіне енгізу әдістемесін ғылыми тұрғыда зерттеуге көмектеседі.

Цифрлық педагогика **кибернетика ғылыммен** байланысты. Себебі бұл сала күрделі динамикалық жүйелерді басқару мәселелерін зерттейді. Кибернетика саласының тәжірибелік тұрғыда жүзеге асқан ғылыми идеяларының бірі бағдарламалық оқыту болды.

**Информатика мен кибернетика** салалары цифрлық педагогикамен тығыз байланыста жеке тұлғаның өзін-өзі оқыту және өзін-өзі тәрбиелеу процестерін қамтамасыз етуде жаңа білім беру формаларын анықтауға, оқу-тәрбие процесін басқарудың немесе **педагогикалық менеджмент** тәсілдері мен механизмдерін жетілдіруге мүмкіндіктер ашады. Аталған ғылым деректерін пайдалана отырып, цифрлық педагогика білім беру процесінің жаңа түрлерін әзірлейді. Бұл цифрлық педагогикамен **педагогикалық менеджменттің** байланысын атап өтеміз.

Цифрлық педагогика басқа ғылымдармен байланыс жүйесінде **информатикамен** өте тығыз байланыста. Оқу мазмұнын цифровизациялауда ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, тарату, талдау және



компьютерлік технологияларды қолдану арқылы бағалау (өзін-өзі бағалау) формалары мен әдістерімен қамтамасыз етуде ерекше орын алады.

Жоғарыдағы ойды қорытындылай келе біз педагогика ғылымының жаңа саласы – цифрлық педагогиканың зерттеу мәселесі мен пәні, «адам-адам», «адам-техника», «адам-таңбалы жүйе», «адам-табиғат», «адам-көркем сурет» ғылымдар саласымен тығыз байланысты екенін дәлелдейміз.

Егер біз цифрлық педагогика туралы айтатын болсақ, онда «педагогика» ұғымына *«ақпараттық технологиялар мен интернет құралдары арқылы»* деген тіркесті қосып, оқу мазмұны мен педагогикалық әрекетті «цифрландыру» білім беру процесін инновациялық дамытудың механизімі болып табылады.

Сонымен, қазіргі уақытта жаңа сала ретінде дамып келе жатқан цифрлық педагогиканың білім берудегі цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері, артықшылықтары, тиімділігі *объективті бағалану мен сыналу кезеңінде*, екінші жағынан білім беру саласын цифровизациялауды барлық білім беру деңгейлеріне жаппай енгізу мүмкіндіктерінің әр-түрлі дәрежеде жоспарлануы, оны шектейтін елеулі ғылыми нәтежиелер мен еңбектердің аздығы күтілетін нәтежиелерді әлсіретеді деген қорытындыға келеміз.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. «Цифрлық экономика» терминін кім және қашан енгізді?
2. «Цифрлық экономика» туралы В.В. Иванов, Р.В. Мещеряков, А.А. Энговатованың пікірін атап өтіңіз.
3. «Цифрлық экономиканың» негізгі принциптерін атаңыз?
4. «Цифрлық педагогика» мен "білім беру кеңістігі" ұғымдарының мәнін түсіндіріңіз.
5. Педагогикан цифрлық технологияларды енгізудегі цифрлық білім беру ортасының қандай талаптары бар?
6. Цифрлық педагогика қандай басқа ғылым салаларымен байланысы?
7. Цифрлық педагогиканың философиямен байланысын түсіндіріңіз.
8. Цифрлық педагогиканың әлуметтанумен байланысын түсіндіріңіз.
9. Цифрлық педагогиканың психологиямен, акмеологиямен, инженерлік психологиямен байланысын түсіндіріңіз.

10. Цифрлық педагогиканың информатикамен, кибернетикамен байланысын түсіндіріңіз.
11. Цифрлық педагогика шешілуді қажет ететін мәселелерді атап өтіңіз.

## Тірек конспект

**«Цифрлық экономика»** дегеніміз:

1. АҚШ математигі және программисі Николас Негропonte алғаш рет «цифрлық экономика» ұғымын 1995 жылы ғаламтор саласына енгізгеннен бері осы салада кеңінен қолданылуда.

2. Ресей экономистері э.ғ.д. В.В. Иванов, тех.ғ.д. Р.В. Мещеряков, э.ғ.к. А.А. Энговатовалардың пікірінше, «цифрлық экономика» интернет саласындағы экономика саласынның бір бөлігі ретінде, оның логикалық схемаларға негізделген ақпараттың қосымша шынайылығын толықтыратын бөлігі деп қарастыру дегенді ұсынады.

**Цифрлық педагогика** – компьютерлер мен бағдарламалардың көмегімен білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ететін педагогика;

**Цифрлық педагогика** – педагогика және цифрлық технологиялар интеграциясы;

**Цифрлық педагогика** – бұл цифрлық экономика мен цифрлық қоғамды құру міндетімен байланысты жаңа педагогикалық бағыт;

**Цифрлық педагогика** – бұл түрлі «цифрлық ортада» білім беруді белсенді қолдану дәуіріндегі ғылыми саланың даму жағдайы;

**Цифрлық педагогика** – бұл нақтылықты білімнің қалыптасуына ықпал ететін педагогика;

**«Цифрлық педагогика** – бұл электрондық ресурстардың көмегімен оқытатын және субъектінің саналы іс-әрекетін тәрбиелейтін педагогика саласы, әрі бұл сала субъекті өзін жеке тұлға ретінде іске асыруына, саналы мақсаттарға, идеалдарға, өзін-өзі тануға, сыни ойлауға, өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі ашуға, өзін-өзі тәрбиелеп жетілдіруге бағыттайды» деген анықтама ұсынамыз.

**Білім беру кеңістігі** – *educational space* – цифрлық педагогика арқылы индивидты дамыту және оны әлеуметтендіру бойынша түрлі жүйелердің арнайы қызметтері жүзеге асырылатын көптеген қатынастар мен байланыстар субъективті түрде берілетін «орын» соңында бар.

Әдебиеттер: [13, 14, 15, 25, 27, 32, 33, 34, 35, 36, 48, 49]

## 5. ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ КАТЕГОРИЯЛАРЫ МЕН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

Педагогика ғылымы ретінде өзіне тән ұғымдарымен сипатталады.

Педагогиканың ұғымдық-терминологиялық аппаратында мыңдаған ұғымдардан тұрады, олардың мағынасын арнайы түсіндірмелік сөз-діктерден табуға болады (мысалы, М.И. Кондаков, А.С. Вишняков, редакторлығымен «Пропагандисттің қысқаша педагогикалық сөздігі»).

Педагогика ғылымның мәнін айғақтайтын көптеген ғылыми зерттеулерде көрініс табатын және интеграцияланған жүйеге байланыстыратын жалпы ұғымдар категориялар деп аталады.

Кез келген ғылым саласы сияқты педагогикада ғылымында ұғымдық және категориялық аппараты қалыптасқан.

Ұғым дегеніміз – шындықтың объектілері мен құбылыстарын жалпыланған түрде түсіретін ой.

Ғылыми ұғымдар оларға ұқсас объектілер мен құбылыстарды ажыратуға мүмкіндік беріп, олардың маңызды белгілерін айқындайды. Ғылыми ұғымдардың өздік мазмұны бар.

Ғылыми ұғымдардың мазмұны – оларда көрініс табатын негізгі ерекшеліктердің өзегі болып табылады. Көлемі – ұқсас белгілері бар объектілер мен құбылыстардың бірыңғай белгілерін сипаттайды.

Ұғымдар педагогика ғылымда оқу-тәрбие процесінің элементтері мен құбылыстарын дәл анықтау үшін қажет.

Ал ұғымға қарағанда категориялар – жалпы ғылым саласында тұрақты қалыптасқан ұғымдар болып табылады, бірақ олар шындықтың маңызды байланыстары мен қатынастарын нақты көрсетеді, немесе категориялар ғылым саласында сол түрінде қолданылады. Ал ұғымдар оған қарағанда түрлі өзгерістер мен көзқарастар арқылы өзгеруі мүмкін.

Категориялар адамдар дүниетанымының маңызды элементтері ретінде адамның қоғам, табиғат, өзін-өзі танудағы негізгі деңгейлерін білдіреді.

Педагогикада мұндай ұғымдар «даму» және «қалыптасу», «кезеңдер (кезеңдер)» және «даму кезеңдері», педагогикалық категорияларға – білім беру, тәрбиелеу, оқыту категориялары жатады.

Ғалым В.И. Андреев осы ұғымдар қатарына «тұлғаны әлеуметтендіру» мен «тұлғаны дамуды» ұсынса, семантикалық талдау негі-

зінде ғалым В.И. Гинецинский педагогиканың 5 негізгі түсінігін анықтайды: тәрбиелеу, оқыту, білім беру, дамыту және ағарту.

Біз осы педагогиканың ұғымдары мен категорияларын толық талдаймыз. Ұғымдар мен категориялар педагогика ғылымының негізін құраса, ал педагогикалық ұғымдар өте көп, ал бірақ қалыптасқан категориялар аз. Ол термин ретінде көрініс береді. Ғылымдардың бірін бірі түсінуі үшін ортақ тіл қажет. Ол тіл ғылыми терминологиялар ретінде бекиді.

Ғылыми терминология нақтылық, біркелкілік, қисындылық, анықтық, нақтылық және жүйелілік сынды белгілерімен ерекшеленеді.

Педагогикалық терминологияның бәрі бірдей осы сипаттамаларға сәйкес келе бермейтіндігін де атап өту керек. Сондай-ақ ғылыми терминдер үнемі жаңартылып немесе өзгеріп отырады.

Осыған байланысты қазіргі кезеңде педагогика ғылымында цифрлық педагогиканың саласының дербестенуіне орай ұғымдық категориялық аппаратын нақтылауда көптеген пікірлер қалыптасуда.

Цифрлық педагогикаға келетін болсақ, барлық педагогикалық білімнің негізгі ақпараттық және коммуникациялық технологияларға негізделген педагогикалық процестердегі өзегі өзін-өзі дамытуға ықтималды жеке тұлға тұрады деп атап өтеміз.

Цифрлық педагогиканың негізгі категориялары мен ұғымдарына дәстүрлі педагогикадағы категориялар жатады. Тек тәрбие категориясы – өзін-өзі тәрбиелеуге, оқыту – өздігінен оқу, даму – өзін-өзі дамытуға, ал білім беру мен қалыптасу өздігінен білім алуға айналады.

Осыған байланысты цифрлық педагогикадағы негізгі категорияларын былайша қарастырамыз (1-кесте).

1-кесте. – Цифрлық педагогиканың негізгі категориялары

| <b>Педагогиканың негізгі категориялары</b> | <b>Цифрлық педагогиканың негізгі категориялары</b> |
|--|--|
| Оқыту                                      | Өздігінен оқу                                      |
| Тәрбиелеу                                  | Өзін-өзі тәрбиелеу                                 |
| Дамыту                                     | Өзін-өзі дамыту                                    |
| Білім беру                                 | Өздігінен білім алу                                |
| Қалыптасу                                  |  |

Әр ғылым саласында оның мәнін айқындайын негізгі терминдер қалыптасады. Арнайы терминдер тобы сізге кәсіби деңгейде қарым-қатынасты ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндіктен, пайдаланылатын категориялардың негізгі мағыналық сипаттамаларын анықтау өте маңызды болады.

Педагогика ғылымының **өзіндік ұғымдары мен категориялары** цифрлық педагогикаға енуі мен осы саланың өзіндік терминологиясының қалыптасуына осы бөлімде талдау жасауға тырыстық.

**Педагогика ғылымының бүкіл категориялық аппараты төрт топқа жүйеленеді.** Ал цифрлық педагогикада аталған жүйе сақтала отырып, категориялар мен ұғымдар кеңінен қолданылады және жаңа саланың өздік категориялары мен ұғымдары қалыптасуда екенін атап кеткіміз келеді.

- 1. Философиялық категориялар** шындықтың кең таралған белгілері мен байланыстарын, жақтары мен қасиеттерін көрсетеді; педагогика ғылымы зерттейтін шындықтың даму заңдылықтары мен бағыттарын түсінуге және бейнелеуге көмектеседі. Әлеуметтену категориясы педагогиканың негізгі объектісі туралы теориялық білімдермен түсіндіре отырып, мәні, құбылыс, жалпы, жеке, қарама-қайшылық, себеп, эффект, мүмкіншілік, шындық, сапа, сан, болмыс, сана, заң, жүйелілік ұғымдары мен категориялары педагогика саласында кеңінен қолданылады.
- 2. Жалпы ғылыми категориялар** – көптеген жеке ғылымдарға ортақ, бірақ философиялық категориялардан өзгеше. Педагогикалық зерттеу жүргізу кезінде: жүйе, құрылым, функция, элемент, оптимизм, күй, ұйымдастыру, формализация, модель, гипотеза, деңгей және т.б. сияқты жалпы ғылыми ұғымдар мен категориялар педагогика саласында кеңінен қолданылады.
- 3. Педагогика ғылымының жеке – өзіндік ұғымдары мен категориялары.** Оларға: педагогика, білім, тәрбие, оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тәрбиелеу, оқыту, оқу, оқыту әдісі, тәрбие, тәрбие әдісі, оқу материалы, тәрбие жағдайы, оқытушы, оқушы, оқытушы, оқушы т.б.

Сонымен, педагогика ғылымының **өзіндік ұғымдары мен категориялары** цифрлық педагогикаға енуі мен осы саланың өзіндік терминологиясының қалыптасуын көрсеткіміз келеді. (2-кесте).

2-кесте. – Педагогиканың өзіндік ұғымдары мен категориялары цифрлық педагогикаға енуі мен осы саланың өзіндік терминологиясының қалыптасуы

| Педагогиканың өзіндік ұғымдары мен категориялары  | Цифрлық педагогиканың өзіндік ұғымдары мен категориялары  |
|---|---|
| 1   | 2   |
| <p><b>Педагогика</b> – адамды тәрбиелеу, оқыту және тәрбиелеу туралы ғылым.</p>   | <p><b>Цифрлық педагогика</b> – бұл: «цифрлық экономика және цифрлық қоғам» құру міндетімен байланысты педагогиканың жаңа саласы. Әр түрлі «цифрлық ортаны» оқытуда белсенді қолдану дәуіріндегі ғылыми саланың даму жағдайының қалыптастыруы. «Педагогика нақты ғылымға айналууда».</p>   |
| <p><b>Педагогикалық жүйе</b> – бұл тұлғаны дамытудың біртұтас тәрбиелік мақсатымен біріктірілген көптеген өзара байланысты құрылымдық компоненттер.</p> | <p><b>Ғаламтор жүйесі</b> – ғаламтор ортадан айырмашылығы, нақты мақсаттар үшін құрылып және нақты мақсаттарды жүзеге асыру үшін жұмыс істейді. Сыртқы сұраныстар неғұрлым тез өзгерсе, жүйенің де тез өзгереді. Ақпараттық технологиялар саласындағы жылдам өзгерістерге төтеп беру үшін олар алдымен «платформалар» құрып, қазіргі кезде «экожүйелер» құру туралы сөз қозғалууда.</p> |
| <p><b>Педагогикалық іс-әрекет</b> – адамды қоғамға қатысуға тарту қызметін жүзеге асыратын іс-шаралар жиынтығы.</p>                                     | <p><b>Ғаламтор желісіндегі әрекет</b> – қатысушылардың белсенділігі, философиялық тұрғыдан алғанда, желілік әлемдегі белсенді қарым-қатынастың адами формасы ретінде көрінеді, оның мазмұны оны өзгерту және қайта құру болып табылады.</p>   |
| <p><b>Тәрбие беру ортасы</b> – қалыптасқан тарихи әсерлер мен жағдайлардың</p>  | <p><b>Сандық білім беру ортасы</b> – бұл білім беру процесінің түрлі</p>  |

| 1   | 2  |
|---|--|
| арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ортада тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған психологиялық-педагогикалық шынайылық жиынтығы.   | міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ашық ақпараттық жүйелер жиынтығы.  |
| <b>Педагогикалық шынайылық</b> – бұл шынайылық ретінде ғылыми ақиқатты педагогикалық іс-әрекет қырларынан қарастыру.  | <b>Виртуалды шындық</b> – бұл кибер кеңістіктегі өмір немесе ғаламдық компьютерлік желі (синонимдері «Виртуалды шындық» және «киберкеңістік» түсініктері).                   |
| <b>Процесс</b> – жүйенің күйінің өзгеруі ретінде анықталады, сондықтан білім беру (педагогикалық) процесс – бұл білім беру жүйесінің іс-әрекет ретіндегі өзгерісі.  | <b>Процесс</b> – бұл жүйенің күйін өзгерту ретінде анықталады, сондықтан білім беру (педагогикалық) желілік процесс – бұл білім беру жүйесінің іс-әрекет ретіндегі өзгерісі. |
| <b>Педагогикалық өзара іс-әрекет</b> – мінез-құлықтағы, белсенділік пен қатынастардағы өзара өзгерістер болып табылатын оқытушы мен білім алушы өзара байланысы (ұзақ немесе уақытша) болып табылатын педагогикалық процестің маңызды сипаты. | <b>Желілік өзара әрекеттесу</b> – бірнеше білім беру ұйымдарының немесе оқытушы мен білім алушының қатысуын қарастыратын күрделі механизм.                                   |

#### 4. Педагогика ғылымымен тығыз байланысты ғылымдардан енген ұғымдар:

Цифрлық педагогика психология, кибернетика, информатикамен т.б. салалармен тығыз байланыста, олардың негізгі категориялары мен ұғымдарын кеңінен өз саласына енгізген.

**Психологиядан енген ұғымдар** – қабылдау, оқып-үйрену, ақыл-ой дамуы, есте сақтау, білік, дағды, өздігінен оқу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және т.б.

**Кибернетикадан енген ұғымдар** – кері байланыс, динамикалық жүйе;

**Информатикадан енген ұғымдар** – интернет-орта, цифрлық сауаттылық, сандық құралдар, сандық технологиялар, онлайн-белсенділік, білім беру процесінің цифрлық процестері, білімді сандық бақылау процестері, сандық іздер, оқыту әдістері (әдістері, формалары мен құралдары), сандық мазмұн және т.б.

Цифрлық педагогиканың категориялық аппаратын зерттеу барысында біз «цифрлық педагогика» ұғымын ғалымдар әр түрлі түсіндіретіндігіне тап боламыз. Ғалымдардың әр түрлі түсіндірмелері қолданылатындықтан, олар «цифрлық педагогика» ұғымын педагогикалық ғылым ретінде де, педагогикалық тәжірибе ретінде де қарастыруға болады. Мұндай әртүрлілік ғылымның теориялық негіздері мен практикалық тұжырымдарын нақты түсінуге және ғылыми ұсынуға кедергі келтіріп, жаңа педагогиканың дамуына, ұғымдардың тұрақталуына кедергі тигізуі мүмкін.

Оқу іс-әрекетінің әдіснамасы тұрғысынан цифрлық педагогика «цифрлық оқыту» негізінде жүзеге асырылады. Ол цифрлық педагогиканы электрондық оқу материалдарында, әдістер мен ұсыныстарда немесе оқытудың әр түрлі тәсілдері, әдістері мен ұйымдастырушылық формалары туралы ойлау жүйесі ретінде жасалған іс-шаралар жүйесі ретінде анықтайды.

Ал «цифрлық оқыту» педагогикалық процесте жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтқанымыздай, ғылыми ұғымдар – бұл шындықтың объектілері мен құбылыстарын жалпыланған түрде түсіретін ой. Ғылыми ұғымдар объектінің, құбылыстардың маңызды белгілерін, оларды объектілер мен оларға байланысты ғылымдардан ажыратуға мүмкіндік береді.

Категориялар – шынайы, маңызды байланыстары мен қатынастарын көрсететін жалпы, фундаменталды ұғымдар. Цифрлық педагогикада, педагогика ғылымындағыдай, категориялардың ұғымға ауысуы байқалады.

Біз осы бөлімде педагогиканың «оқыту» категорияларының цифрлық педагогикада ұғымдарға ауысуын көрсеткіміз келеді. (3-кесте).

3-кесте. – Цифровой педагогикада «оқыту» категориясының ұғымға айналуы

| Педагогикадағы негізгі ұғымдар | Цифрлық педагогикаға енген ұғымдар |
|--------------------------------|------------------------------------|
| 1                              | 2                                  |



| 1  | 2  |
|--|--|
| <p><b>Оқыту</b> – бұл студенттердің білім, білік, дағды және қабілеттерін дамыту бағытталған оқытушы мен білім алушының өзара байланысты мақсатты, жүйелі іс-әрекетің процесі.</p>   | <p>Виктория (АҚШ) штатының Білім және оқыту департаментінің HR- аналитигі Джош Берсин айтуынша: <b>«Цифрлық оқыту</b> – қызметкердің орналасқан жерінде оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Бұл «оқыту түрі» емес, «оқыту әдісі». Бұл оқытудың барлық пәндік салаларында қолданылады. Цифрлық оқыту стратегиясы келесі комбинациялардың кез-келгенін қамтуы мүмкін: адаптивтік (бейімдей) және аралас оқыту; аудиториялық технологиялар мен электрондық оқулықтар арқылы оқыту және т.б.</p>  |
| <p><b>Бағдарламалық оқыту</b> – профессор Б.Ф. Скиннер (Skinner B.F.) ұсынған және көптеген елдердің мамандарының жұмысында дамыған оқыту түрі. Бұл тренинг арнайы әзірленген оқу бағдарламасына негізделген, ол оқытушының және білім алушылардың іс-әрекеттері жүзеге асырылатын және бақыланатын нақты тапсырмалардың белгілі бір тізбегі болып табылады.</p> | <p><b>Адаптивтік (бейімдей) оқыту</b> – цифрланған оқу материалдары бейімделгіш болады. Knewton осы бағыттаға төңкеріс жасады. Енді біз барлық білім беру бағдарламаларын бейімделетін әлемге көшеміз.</p> <p><b>Аралас оқыту</b> – оқытуды оқытушымен (бетпе-бет) және онлайн режимінде жүргізуді біріктіретін білім беру тәсілі.</p> <p><b>Аралас оқыту</b> – бұл білім беруді оқушының дербес оқыту бағытын (оқу мерзімін таңдау, оқуды жүзеге асыратын жерді таңдау, білім алушының интеллектуалдық темпін (қарқынын) құру арқылы өзін-өзі-өзі бақылау элементтерін қолдануға негіздеп оқыту. тұрғысынан.</p> <p><b>Белсенді оқыту әдістері</b> – педагогикалық іс-әрекеттер мен</p> |

3-кестенің жалғасы

| 1   | 2  |
|---|--|
|   | <p>әдістер жиынтығы (сыныптық технологиялар), оқу процесін ұйымдастыруға бағытталған и студенттерді тәуелсіз болуға ынталандыратын арнайы әдістермен және арнайы цифрландыру құралдармен жабдықтаған жағдай оқытуды ұйымдастыру. Себебі белсенді оқыту әдістері студенттерді өздігінен білімді игеруге, шығармашылықпен оқу материалын орындауға ынталандырады.</p> <p><b>Электрондық оқулық</b> – бұл оқу процесінде қолданылатын және дәстүрлі қағаз оқулығын алмастыратын арнайы құрылғы немесе жасақталған бағдарлама. Қазіргі уақытта «электронды оқулық» сөз тіркесін түсіндіру өте кең: кейбір жағдайларда бұл қағаз оқулығының электронды нұскасын білдіреді, ал кейбіреулерінде электронды құрылғылардағы мәтінді бағдарламалар жиынтығын білдіреді; білімді тексерудің интерактивті блоктары бар интерактивті блоктарға құрылған білімді тексеруге арналған тестілер, мультимедиялық материалдар және т.б.</p> |
| <p><b>Электронды оқыту</b> – ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданатын оқыту түрі.</p> | <p><b>Цифрлық оқыту</b> – бұл ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданатын оқыту тәсілі.</p>   |

Негізі педагогикада оқыту категориясы – бұл білім, білік, дағды және қабілеттерін дамытуға бағытталған мақсатты, жүйелі оқытушы мен білім алушының өзара біріккен іс-әрекеті деп сипатталады.

Ал цифрлық педагогикада осы білім, білік, дағды және қабілеттерін дамытуға бағытталған мақсатты, жүйелі оқыту процессінде техникалық және электронды оқу құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылып, оқыту жекелей немесе топтық сипатында болады.

Осыған байланысты біз келесі анықтаманы ұстанамыз: цифрлық оқыту – бұл сандық технологиялар негізінде білім алушылардың білім, білік, дағды және жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған оқытушы мен білім алушының өзара жекелей немесе топтық әрекеттесу процесі.

Педагогика ғылымының **өзіндік ұғымдары мен категорияларының** цифрлық педагогикада қолданыс аясының өзгеруін атап өтіп, кейбір ұғымдар мен категорияларының сипатын салыстырмалы ұсынамыз (4-кесте).

Сонымен білім беру, оқу нәтижесі, оқу формасы, оқу процесі, оқу ресурстары, оқу материалы, педагогикалық менеджмент, педагогикалық процеске қатысушылардың қарым-қатынасы, біріккен оқу әрекеті, қоғамдық, ғылым мен техникамен өзара байланыс ұғымдарының цифрландыру саласындағы мәні өзгеретінін салыстырмалы сипаттадық.

**Цифрлық білім беру**, цифрлық формат, цифрлық процесс, цифрлық ресурстар, цифрлық контент, цифрлық басқару, цифрлық коммуникация, желілік байланыс немесе желілік оқу әрекетінің мәні де атқаратын функциясына байланысты әртүрлі. Цифрлық білім беру, цифрлық формат, цифрлық процесс, цифрлық ресурстар, цифрлық контент, цифрлық басқару, цифрлық коммуникация, желілік байланыс немесе желілік оқу әрекетінің мәні де атқаратын функциясына байланысты әртүрлі.

4-кесте. – Ұғымдар мен категорияларының салыстырмалы сипаты

| Педагогиканың өзіндік ұғымдары мен категориялары   | Цифрлық педагогиканың өзіндік ұғымдары мен категориялары  |
|--|---|
| 1  | 2   |
| <p><b>Білім беру</b> – бұл ғылыми білімге игеру; алған білімдер жүйесі; оқу нәтижесі</p> | <p>Профессор В.Н. Платонов бойынша «<b>Цифрлық білім беру</b> – бұл екі аспекті немесе қырлы білім беру: бұл тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру процесі және білім, білік, дағды жиынтығы, тәжірибе мен құзыреттілік қалыптастыру процесі</p> |

## 4-кестенің жалғасы

| 1  | 2  |
|--|--|
|  | Цифрлық білім беруде цифрлық формат (цифрлық процесс, цифрлық оқыту, цифрлық білім беру мазмұны және т.б.) және цифрлық ресурстар, сандық менеджмент, цифрлық коммуникациялар, білім берудің әртүрлі деңгейлері, IT-инжиниринг, бизнес, ғылым, қоғаммен өзара іс-әрекет болуы керек» |
| Оқу формасы  | Цифрлық формат   |
| Оқу процесі  | Цифрлық процесс  |
| Оқу ресурстары                                       | Цифрлық ресурстар  |
| Оқу материалы  | Цифрлық оқыту берілетін контент  |
| Педагогикалық менеджмент                             | Цифрлық басқару  |
| Педагогикалық процеске қатысушылардың қарым-қатынасы | Цифрлық коммуникация немесе цифрлық процеске қатысушылардың қарым-қатынасы   |
| Біріккен оқу әрекеті                                 | Желілік байланыс немесе желілік оқу әрекеті  |
| Қоғамдық, ғылым мен техникамен өзара байланыс        | IT инженерия, бизнес, ғылым, қоғаммен байланыс   |
|  | Жалпыресейлік «IT-оқытушы» сайысы жеңімпазы, сарапшы В.Н. Погодина пікірінше <b>«Цифрлық білім беру</b> – компьютерных инструменттер мен и аппараттық технологияларды түрлі білім беру контекстінде қолдану»   |
|  | Мемлекеттік және қоғам қайраткері, п.ғ.д. А.М. Кондаковтың пікірінше: <b>«Цифрлық білім беру</b> – цифрлық технологиялар мүмкіндіктерімен ашылып жатқан мүмкіндіктер жүйесі»   |

| 1 | 2   |
|---|---|
|   | «Қосымша білім беру жүйесінің жаңа моделі» бастамасы лидері М. Ракова<br><b>«Цифрлық білім беру –</b> ,<br>цифрлық технологиларды пән мазмұнына ендіру мен білім алушыларда цифрлық ойлауды дамыту (түрлі платформаларда) басқару моделі» |

Ал **«цифрлық білім беру»** ұғымы бөлім мазмұнында көрсетілген әртүрлі мамандар мен ғалым, педагогтардың пайымдауларынша да әр түрлі, себебі, ол әрине, әр саланың (экономика, менеджмент, IT-жүйесі, білім беру саласы т.б.) атқаратын қызметі мен функциясына байланысты екенін атап өтуіміз керек.

**«Цифрлық білім беру»** тереңірек зерттейтін болсақ осы ұғымның өзі бірнеше кілтті компоненттерден тұрады немесе бұл компоненттер, немесе ұғымдар «цифрлық білім беру» ұғымымен тікелей және шартты байланысты, олар: «цифрлық білім беру ортасы», «цифрлық жүйе», «платформа», «экожүйе», «цифрлық сауаттылық». Ендеше оларды талдайық:

**Цифрлық білім беру ортасы** – бұл білім беру процесінің әр түрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ашық «ақпараттық интернет жүйелер» жиынтығы.

«Цифрлық білім беру ортасы» (немесе оны «апараттық интернет жүйелер жиынтығы» деп атауымыз да болады) жүйеден түбегейлі ерекшеленеді, өйткені оған мүлдем басқа элементтері бар басқа да жүйелер тұрады немесе жүйелер ортаның элементтері деп атауға болады. Ортадағы жүйелер үйлестірілген, бірінің-бірі функциясын қайталауы да, бәсекелес болуы да және тіпті антагонистік негізде функция атқаруы мүмкін. Жүйелер «Цифрлық білім беру ортасы» қарқынды дамуын қамтамасыз етеді.

**Цифрлық жүйе** «цифрлық білім беру ортасынан» айырмашылығы, нақты мақсаттар үшін және үйлесімді бірлікте функция атқаруға құрылған. Бастапқыда жүйе құрғандағы қарастырылған сыртқы талаптар неғұрлым тез өзгерсе, жүйенің функциясы қысқа болады.

Жүйені құрудағы талаптар өзгерген сайын жаңа жүйелер құрыла береді. Ақпараттық технологиялар саласындағы тіпті жыл сайын жылдам өзгерістерге қарсы тұру үшін олар алдымен «платформаларға» көшті, ал қазір «экожүйелер» құру туралы айтылып жатыр.

**Платформа дегеніміз** – үшінші тараптың яғни IT саласындағы әзірлеушілер (разработчики) мамандардың платформада ашық тұрған жүйе құралдарын пайдалана отырып, сол платформада басқа өнімдермен жұмыс істей алатын және өзара әрекеттесе алатын өз өнімдерін құруға мүмкіндік беретін **ақпараттық жүйенің құрылымы**.

**Экожүйе дегеніміз** – үшінші тарап IT саласындағы әзірлеушілер (разработчики) мамандардың өз өнімдері үшін арнайы құралдарды қолдануды қажет етпей-ақ ақпараттық жүйелердің құрылысында: **келісілген хаттамаға сәйкес** мәліметтер алмаса алу мүмкіндігі. Бұл кез-келген ақпараттық жүйенің осы **келісілген хаттамаға сәйкес** өзара әрекеттесуіне, байланысуына мүмкіндіктер туындайды.

Білім беру қызметін жүйеде, ортада, платформаларда, экожүйеде жүзеге асыру үшін **цифрлық сауаттылық** қажет болады.

**Цифрлық сауаттылық** – бұл сандық технологиялар мен интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығының болуы. Бұл желі жүйесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуіне үшін қажет және келесі салаларда сауатты болуды қамтиды:

- **Цифрлық желіні қолдана алу** – Интернет қызметтерін жұмыс және өз өмірі үшін пайдалана білу;
- **Цифрлық күзінеттіліктер** – технологияны тиімді қолдану дағдыларының болуы;
- **Цифрлық қауіпсіздік** – желілік қауіпсіздіктің негіздерін сақтай білу.

Біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ) ақпараттық және коммуникациялық қоғам құруды белсенді түрде қолдайды. Бұндай қоғам ақпарат алмасу – адамдардың әлеуетін ашуға және өмір деңгейін жақсартуға қажетті білімге қол жеткізуге көмектеседі. Адамдарда ақпараттық сауатты болу керектігінің барған сайын маңызы арта түсуде. Бұл тұжырымдаманың басты міндеті – адамдарға ақпараттық және коммуникациялық технологияларды мүмкіндігінше белсенді және тиімді пайдалануға көмектесу.

Мемлекеттік, ғылыми және азаматтық қоғамдастықтардың пікірінше: қазіргі әлемдегі ақпарат эволюциясы – компьютерлер, интернет және смартфондар ақпаратты сақтау, құру және ақпарат беру

тәсілдерінде терең өзгерістерге алып келеді, – деген қорытындыға келді. Сондай-ақ, олар компьютерлік және медиа технологиялар оқып, игеріп алу жаһандық білімдерді тиімді пайдалану үшін жеткіліксіз деп санайды.

Цифрлық дәуірде **ақпараттық немесе цифрлық сауатты болу** – компьютерлерді қарапайым қолдана білудің жеткіліксіздігін атап өтеді.

Ол үшін әр түрлі және қуатты технологияларды тиімді пайдалану үшін, ақпаратты іздеу, алу, жүйелеу, талдау, бағалау, шешім қабылдау үшін оны терең қолдану жолдарын үйрену керек.

Ақпарат, ақпараттық сауаттылық және ақпараттық мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты және оларды жеке қарастыруға болмайды. Ал күрделі техникалық пен технологиялық білімдер жіті, жеке, арнайы игерілуі тиіс. Сауаттылықтың жоғарғы шегі жоқ, сауатты болу үшін өмір бойы оқу керек.

Компьютерлік сауаттылық дегеніміз – компьютерді (ақпаратты машиналық өңдеу) пайдалану және басқару мүмкіндігі. Бұл ақпараттық және компьютерлік сауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігі.

**Компьютерлік сауатты болуды келесі категорияларға бөлу болады:**

- **Аппараттық сауаттылық.** Компьютерді, ноутбукті немесе смартфонды тиімді пайдалану үшін сізге білу керек бірқатар операцияларды қамтиды. Компьютерлік тінтуірді, пернетақтаны қолдана білу, принтер мен сканердің және басқа перифериялық құрылғылардың функцияларын ажырата білу.
- **Бағдарламалық сауаттылық.** Бұл категорияның негізгі түрлері – базалық операциялық жүйе (Windows); мәтінді өңдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыздандыру (Word); электрондық кесте түріндегі сандық мәліметтер (Excel); презентациялар жасау (PowerPoint); Интернет және іздеу жүйелерін пайдалану, электрондық пошталарға ақпарат жіберу.
- **Қосымшалармен жұмыс істей білу сауаттылығы.** Бұл термин бағдарламалық жасақтама пакеттерін тиімді пайдалануға қажетті білім мен дағдыларды білдіреді. Мысалы, компанияға қаржыны, кадрларды, құрал-жабдықтар мен материалдық қорларды, жұмыс процестерін, кестелер мен тапсырыстарды өңдеу жүйесін басқаруға көмектесетін қосымшалармен жұмыс жасай білуді атайды.

- **Медиа жүйесіндегі ақпараттық сауаттылық.** Бұл келесі критерийлерді қамтиды: медиа технологияларды қолдану мүмкіндігінен бастап медиа мазмұнға сыни көзқарас білдіруге дейін, себебі бұқаралық ақпарат құралдары көпшіліктің көзқарасына әсер ететін күшті құрылымдардың бірі болып қала береді. Бұқаралық ақпарат құралдарының көтерген мәселелеріне сай білімдер мазмұнын құра және бере алу сауаттылығы. Бұл белсенді азаматтық ұстанымға сай құзіреттілікті дамытуға және «өмір бойы білім алу» принциптеріне сай білім алуға, білімді жетілдіруге ықпал етеді.

Осылайша, жеке тұлғаның ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру демократиялық қоғамның ажырамас бөлігіне айналуға.

**Медиа сауаттылық дегеніміз** – бұқаралық ақпарат құралдарына еркін қол жеткізу арқылы, ондағы білімдерді игеру және түсіну, пайдалану. Медиа сауатты тұлғада келесі дағдыларды игеру қажет, мысалы; **навигациялық функцияларды игеру** (теледидар арналарын өзгерту, интернет байланыстарын пайдалану), **медиа басқару дағдыларын игеру** (интерактивті онлайн жүйелерді пайдалану, интернетте қаржылық операциялар жасау); **заңды білу және соған сәйкес әрекет ету дағдыларын игеру** (сөз бостандығы, жеке өмірді қорғауға байланысты заң тұрғысында әрекет ете алу, «спамнан» қорғау); **бұқаралық ақпарат құралдарының мазмұнын дұрыс түсінумен қатар сыни тұрғыдан көзқарас білдіру, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу дағдыларын қамтиды** (интернеттегі пікірталастар, электрондық дауыс беру), медиа-контентті құру дағдысының болуы және т.б.

- **Мәдени сауаттылық** – әлем елдері мен этникалық топтардың дәстүрлері, діндері, нанымдары, рәміздері, мерекелері ақпараттарды құруға сақтауға, өңдеуге, байланыс құруға әсер ететіндігі туралы білім мен түсініктің болуы. Пайдалы ақпаратты **өз бетінше тауып, талдай білу дағдысының қалыптасуы** маңызды. Күнделікті өмірде интернет жүйесі өте көп ақпаратпен толығып отырады, ал мәдени сауатты тұлға тек сапалы, дәлелденген білімді таба білу және заманауи технологияларды қолдана білуі маңызды.

Демек, жеке тұлғада ақпараттық мәдениеттің қалыптасуы өзін-өзі терең ынталандыруға мен өмір бойы білім алуға деген ұмтылысқа,



нәтижесінде шығармашылық дамуға және еңбек өнімділігінің деңгейін жоғарылатуға әкеледі. Жеке тұлғада ақпараттық сауаттылық негіздерінің қалыптасуы – интеллектуалды қоғам құрудың басты қажеттілігі болып табылады.

Сонымен, цифрлық педагогиканың негізгі категориялары мен ұғымдары жаңа қалыптасып келе жатқан педагогиканың негізін құрайды. Алайда, осы сала зерттеушілерінің көзқарастары мен жаңа педагогика саласының әлі даму сатысында екенін ескеріп, біз мынандай қорытындыға келеміз: цифрлық педагогика ұғымдары мен категориялары нақтыланылмаған, зерттеушілер бірыңғай пікірге ие емес, сондықтан әртүрлі дереккөздерде олардың әртүрлі түсіндірмелерін таба аласыз. Өз кезегінде, цифрлық педагогика категориялары мен негізгі ұғымдарының әртүрлі интерпретациялары бір-біріне қарама-қайшы келмейді, керісінше бірін-бірі толықтырады, жетілдіреді және жеке тұлғаны дамыту нәтижесіне қол жеткізу үшін цифрлық білім беруді бағытталған оқытуды қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Цифрлық педагогиканың негізгі категорияларын атаңыз.
2. Педагогика ғылымындағы қолданылып жүрген негізгі категориялар мен ұғымдар цифрлық педагогикада қалай сипатталады?
3. Педагогика ғылымындағы оқыту категориясы мен цифрлық педагогикадағы оқытудың айырмашылығын атаңыз.
4. Педагогика ғылымындағы білім беру категориясы мен цифрлық педагогикадағы білім беру айырмашылығын атаңыз.
6. Цифрлық педагогикада өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту мен педагогика ғылымындағы даму, қалыптасудың айырмашылығы неде?
7. Педагогика ғылымының категориялы аппаратын қандай төрт топқа бөлуге болады, және оны түсіндіріңіз.
8. Цифрлық білім беру ортасы дегенді қалай түсінесіз?
9. «Қоршаған орта», «жүйе», «платформа», «экожүйе», «цифрлық сауаттылық» сөздеріне анықтама беріңіз.
10. Әр түрлі зерттеушілер «Цифрлық білім беру» категориясын қалай түсіндіреді?
11. Ақпараттық және компьютерлік сауаттылық қандай компоненттерге бөлінеді?
12. «Компьютерлік сауаттылық» дегенді қалай түсіндіресіз.

## **Тірек конспект**

Цифрлық педагогиканың категориялары: өзін-өзі оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өздігінен білім алу.

Педагогикада оқыту категориясы – бұл білім, білік, дағды және қабілеттерін дамытуға бағытталған мақсатты, жүйелі оқытушы мен білім алушының өзара біріккен іс-әрекеті деп сипатталады.

Цифрлық педагогикада осы білім, білік, дағды және қабілеттерін дамытуға бағытталған мақсатты, жүйелі оқыту процессінде техникалық және электронды оқу құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылып, оқыту жекелей немесе топтық сипатында болады.

### **Цифрлық оқыту:**

1. Джош Берсин айтуынша: «Цифрлық оқыту – қызметкердің орналасқан жерінде оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Бұл «оқыту түрі» емес, «оқыту әдісі».
2. Цифрлық оқыту – бұл ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданатын оқыту тәсілі.

### **Цифрлық оқыту түрлері:**

1. Адаптивтік (бейімдей) оқыту – цифрланған оқу материалдары бейімделгіш болады. Кnewton осы бағыттаға төңкеріс жасады.
2. Енді біз барлық білім беру бағдарламаларын бейімделетін әлемге көшеміз.
3. Аралас оқыту – оқытуды оқытушымен (бетпе-бет) және онлайн режимінде жүргізуді біріктіретін білім беру тәсілі. Аралас оқыту – бұл білім беруді оқушының дербес оқыту бағытын (оқу мерзімін таңдау, оқуды жүзеге асыратын жерді таңдау, білім алушының интеллектуалдық темпін (қарқынын) құру арқылы өзін-өзі-өзі бақылау элементтерін қолдануға негіздеп оқыту, тұрғысынан.
4. Белсенді оқыту әдістері – педагогикалық іс-әрекеттер мен әдістер жиынтығы (сыныптық технологиялар), оқу процесін ұйымдастыруға бағытталған и студенттерді тәуелсіз болуға ынталандыратын арнайы әдістермен және арнайы цифрландыру құралдармен жабдықтаған жағдай оқытуды ұйымдастыру. Себебі белсенді оқыту әдістері студенттерді өздігінен білімді игеруге, шығармашылықпен оқу материалын орындауға ынталандырады.
5. Электрондық оқулық – бұл оқу процесінде қолданылатын және дәстүрлі қағаз оқулығын алмастыратын арнайы құрылғы немесе

жасақталған бағдарлама. Қазіргі уақытта «электронды оқулық» сөз тіркесін түсіндіру өте кең: кейбір жағдайларда бұл қағаз оқулығының электронды нұсқасын білдіреді, ал кейбіреулерінде электронды құрылғылардағы мәтінді бағдарламалар жиынтығын білдіреді; білімді тексерудің интерактивті блоктары бар интерактивті блоктарға құрылған білімді тексеруге арналған тестілер, мультимедиялық материалдар және т.б.

### **Цифрлық білім беру:**

1. В.Н. Платонов: «Цифрлық білім беру – бұл екі аспекті немесе қырлы білім беру: бұл тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру процесі және білім, білік, дағды жиынтығы, тәжірибе мен құзыреттілік қалыптастыру процесі.
2. В.Н. Погодина: «Цифрлық білім беру – компьютерных инструменттер мен и ақпараттық технологияларды түрлі білім беру контекстінде қолдану».
3. А.М. Кондаков: «Цифрлық білім беру – цифрлық технологиялар мүмкіндіктерімен ашылып жатқан мүмкіндіктер жүйесі».
4. М. Ракова: «Цифрлық білім беру –, цифрлық технологияларды пән мазмұнына ендіру мен білім алушыларда цифрлық ойлауды дамыту (түрлі платформаларда) басқару моделі».

**Педагогиканың категориялық аппараты 4-ке бөлінеді:** философиялық, жалпы ғылыми, жеке ғылыми, байланысты басқа ғылымдардан енген ұғымдар мен категориялар.

**Цифрлық жүйенің** «цифрлық білім беру ортасынан» айырмашылығы, нақты мақсаттар үшін және үйлесімді бірлікте функция атқаруға құрылған. Бастапқыда жүйе құрғандағы қарастырылған сыртқы талаптар неғұрлым тез өзгерсе, жүйенің функциясы қысқа болады. Жүйені құрудағы талаптар өзгерген сайын жаңа жүйелер құрыла береді. Ақпараттық технологиялар саласындағы тіпті жыл сайын жылдам өзгерістерге қарсы тұру үшін олар алдымен «платформаларға» көшті, ал қазір «экожүйелер» құру туралы айтылып жатыр.

**Платформа дегеніміз** – үшінші тараптың яғни ІТ саласындағы әзірлеушілер (разработчики) мамандардың платформада ашық тұрған жүйе құралдарын пайдалана отырып, сол платформада басқа өнімдермен жұмыс істей алатын және өзара әрекеттесе алатын өз өнімдерін құруға мүмкіндік беретін **ақпараттық жүйенің құрылымы**.

**Экожүйе дегеніміз** – үшінші тарап ІТ саласындағы әзірлеушілер (разработчики) мамандардың өз өнімдері үшін арнайы құралдарды

қолдануды қажет етпей-ақ ақпараттық жүйелердің құрылысында: **келісілген хаттамаға сәйкес** мәліметтер алмаса алу мүмкіндігі. Бұл кез-келген ақпараттық жүйенің осы **келісілген хаттамаға сәйкес** өзара әрекеттесуіне, байланысуына мүмкіндіктер туындайды.

**Цифрлық сауаттылық** – бұл сандық технологиялар мен интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығының болуы. Бұл желі жүйесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуіне үшін қажет және келесі салаларда сауатты болуды қамтиды:

- **Цифрлық желіні қолдана алу** – Интернет қызметтерін жұмыс және өз өмірі үшін пайдалана білу;
- **Цифрлық** күзiреттiлiктер – технологияны тиімді қолдану дағдыларының болуы;
- **Цифрлық** қауіпсіздік – желілік қауіпсіздіктің негіздерін сақтай білу.

**Әдебиеттер: [2, 4, 5, 6, 7, 22, 20, 18, 12, 16, 18, 24, 26, 62, 63]**

## **6. ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Цифрлық педагогика – белсенді дамып келе жатқан педагогикалық ғылымның жаңа бағыты. Осы саланы зерттеушілердің пікірінше педагогика ғылымында цифрлық педагогика ғылыми сала ретінде дамып, орныққанша түрлі шешілуі қажет мәселелерді көтереді.

Себебі цифрлық педагогика жаңа сала ретінде педагогика, психология, информатика, философия және т.б. ғылымдардың негізінде пайда болды.

Педагогикалық ғылымның жаңа бағыт ретінде даму кезеңінде оның ұғымдық-терминологиялық аппараты қалыптасады. Цифрлық педагогика қарқынды дамуында өзімен тығыз байланысты ғылымдардың: философия, әлеуметтану, психология, акмеологиядан, кибернетика, информатика категориялары мен негізгі ұғымдарын өз саласына ендірді.

Мысалы информатиканың ұғымдық-терминологиялық аппараты ағылшын тіліндегі ұғымдардан тұрғандықтан ұғымдарды сол қалпында немесе тұтынатын тілдегі аударма баламасымен қолданылуда. Ағылшын тіліндегі информатика немесе ақпараттық-коммуникативтік технология саласынан енген ғылыми терминдер кейде оларға тұтынатын тілде түсіндірмелердің мүлде жоқ болуына орай мағынасыналары ұқсас терминдермен алмастырылып та қолданылып жатады. Ал бұл ұғымдық-терминологиялық аппаратты жүйесіз пайдалану, немесе дұрыс пайдаланбау мәселесіне алып келеді. Ал бұл шешілуі тиіс үлкен мәселе ретінде В.В. Краевский, Л.Ю. Монахова, А.А. Монахова, А.В. Соловов, И.Б. Государев т.б. ғалымдар өз еңбектерінде көтереді.

Ғалым В.В. Краевский осы мәселені келесі қарастыруда: цифрлық педагогика педагогиканың жаңа бағыты ретінде даму кезеңінде оның ұғымдық-терминологиялық аппараты қалыптасу жатыр. Ал біз терминдердің жүйесіз қолданылу мәселесімен бетпе-бет келдік, ұғымдардың тұтынатын тілде нақты аудармаларының болмауы, жанама ұғымдарды қолдану ғылымда «ұғымдарды жүйесіз тұрғыда қолдану» мәселесіне әкеледі, бұл ғылымның ақиқаттығына қайшы келеді.

Иә, шын мәнінде, ақпараттық-коммуникативтік технологияның қарқынды дамуына байланысты цифрлық педагогикада пайда

болған жаңа ұғымдарды (неологизмдерді) бақылау мүмкін болмауда. Ғалымдар атап өткендей, ұғымдарды ғылыми негізсіз қолдану мәселесі педагогиканың жаңа бағытының қалыптасуы мен дамуы үшін қауіпті мәселе болмақ.

А.И. Герцен Ресей мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, п.ғ.к. И.Б. Государев «"Электронды оқыту" педагогика тілінде» (феномен эволюциясы және терминдерді түсіндіру) атты мақаласында цифрлық педагогикадағы ұғымдық-терминологиялық аппараттың қалыптасуының диахрониясын егжей-тегжейлі сипаттайды.

Жаңа педагогикадағы ұғымдардың лексикалық мағынасына толық түсінік береді. Ол педагогика саласындағы оқытушылардың лексиконында «электрондық оқыту» ұғымы «e-learning» ұғымының синонимі ретінде қолданылатынын атап өтті. Бұл нақты «Электрондық оқыту» ұғымының аудармасы болмаса да, екеуі де ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқыту процесін жүзеге асырушы құрал ретінде анықталып, кейінірек тікелей «e-learning-пен» тікелей теңестіріледі.

Бұл теңестірілуді («электрондық оқыту» және «e-Learning») ұсынған орыс тілді басылымдардағы алғашқы еңбектердің авторы А.В. Соловов болып табылатын. Алайда, e-learning-тен электрондық оқыту терминінің шығу тегі талдауынан мұндай түсіндіру және мұндай тепеңдік әбден дұрыс емес, бірақ қисынды негіз жасап тұжырымдалып, қазіргі кезде осы ұсынған негізде кеңінен қолданылып жүр.

«Электрондық оқыту» термині ағылшын тілінен енген қате фразеологиялық калькілеу нәтижесінде пайда болды, оның орыс тіліндегі нақты мағынасы болмағандықтан, шартты түрде жақын мағыналы ұғымды пайдаланғандықтан туындаған.

Нәтижесінде ағылшын және орыс тілдеріндегі басқа ұғымды сипаттайтын «e-learning» және «электрондық оқыту» сөз тіркестері орыс тілінде синонимдер ретінде қолданыла бастады.

E-Learning шығу тегі бойынша – бұл корпоративтік біліктілікті көтеруді жүзеге асыру нысаны. Бұл термин фирмалар жұмыс ұжымдарының біліктілігін арттыру саласында консалтингтік қызметтер көрсеткен коммерциялық ұйымның атауында Computer-based-training (CBT) сөз тіркесін алмастырды.

Бұл дерек (2001) – «e-Learning»: strategies for delivering knowledge in the digital age» деген атаумен жарық көрген М. Розенбергтің кітабында қарастырылады. Автор «білім алу» – «learning» дегеніміз адамның өмір сүруінің барлық кезеңінде (continuous-lifelong) орын алатын үздіксіз процесс ретінде атап көрсетті.

Әр түрлі деректер бойынша, бастапқы термин «electronic-learning» (нұсқалары: «Elearning», «e-Learning», «e-Learning» және т.б.) «e-learning» қысқарту ретінде алғаш рет 1997 және 1999 жылдар аралығында.

АҚШ-та қолданыла бастады. Бұл терминдердің пайда болуы Эллиот Мэйси және Джей Кросс сияқты мамандардың есімдерімен байланысты, әрине олар кәсіби педагог емес, кәсіпкерлер, немесе IT сарапшылар ретінде осы саланың дамуына, жаңа ұғымдардың ғылымда тұрақтануына әсер етеді.

### **Тірек концепт**

**Қашықтан оқыту** – бұл Интернет арқылы (оның ішінде мобильді қосымшалар арқылы) қол жетімді онлайн-курстар негізінде білім беру процесін құру технологиясы.

**Білім алушылардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясы** («жоба әдісі») – бұл әртүрлі типтегі жобаларды (білім беру, әлеуметтік, өндірістік және бизнес-жобалар; ғылыми-зерттеу, шығармашылық және практикаға бағдарланған; жеке және топтық; жобалар, мета-тақырыптық және тақырыптық және т.б.) жүзеге асыруға негізделген оқыту технологиясы.

**Комплекстік кейс технологиясы** (кейс әдісі) қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың негізгі әдістерінің бірі болып саналады.

**Желілік жоба** – бұл желілік телекоммуникацияларды және цифрлық білім беру ортасының басқа ресурстарын қолдана отырып, кеңінен таралған топ жүзеге асыратын жобаның ерекше түрі.



## 11. ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Цифрлық оқытуға көшді жүзеге асыруға байланысты еліміздегі білім беру мекемелерінде оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа тұрғыдан негіздеуді талап етеді.

Цифрлық оқу үрдісіндегі өзіндік жұмыс оқытуды ұйымдастырудың бір түрі ретінде қарастырылады, ол өз бетінше іздеуді қамтамасыз ете алады, білім берудің танымдық іс-әрекетінің әр түрлі формаларын қолдана отырып және аналитикалық қабілеттерін, оқу уақытын бақылау мен жоспарлау дағдыларын дамыту, сандық өзара әрекеттесу барысында оқу материалын шығармашылықпен қабылдау және түсіну, дағдыларды дамыту цифрлық оқыту жағдайында білім беру қызметін ұтымды ұйымдастыру.

Сонымен, өзіндік жұмыс – бұл цифрлық оқу процесін ұйымдастыру формасы және білім алушылардың белсенділігін, дербестігін, танымдық қызығушылығын ояту.

Студенттің өзіндік жұмысының негізгі мақсаты – семестр уақытында пәнді оқытуды жүйелі ұйымдастыру, алған білім мен дағдыны тереңдету және бекіту, алда болатын сабақтарға дайындалу, сонымен қатар жаңа білімді алу мен жеке іздену кезінде ойлау мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Сондай-ақ цифрлық оқыту жағдайында жаңа білімді іздеу және алу, өңдеу кезінде ақыл – ой қызметінің цифрлық мәдениетін және дербестігін қалыптастыру.

Цифрлық педагогикада студенттердің өзіндік жұмысын оқытудың ұйымдастырушылық формасы ретінде қарастыруға болады – студенттердің цифрлық іс-әрекетін басқаруды немесе студенттердің білім және ғылыми іс-әрекеттің білімі мен дағдыларын сыртқы көмексіз игеруді қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайлар жүйесі.

### **Өздік жұмыс маңызды функцияларды орындайды:**

- Болашақ маманның білімді меңгеруге мүмкіндік береді, кәсіби білімі мен дағдысын қалыптастырады, кәсіби күзіреттілігін қамтамасыз етеді.

- Тұлғаның өздігінен білім алу қажеттілігін тәрбиелейді, танымдық және шығармашылық қабілеттілігін арттырады.
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарына талпындырады.

Өзіндік жұмыс екі түрге бөлінеді – оқытушы жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ) және толығымен студенттің өзі орындайтын жұмысы (СӨЖ).

ОСӨЖ – студенттің аудиториядан тыс уақытта оқытушымен бірлесіп, сабақтардың жалпы оқу кестесіне кіргізілмей, жеке кесте бойынша жүргізілетін жұмыс түрі.

ОСӨЖ және СӨЖ байланысының жалпы көлемі жұмыс оқу жоспарында белгіленеді.

ОСӨЖ уақытында оқу бағдарламасының күрделі сұрақтарын қарастырылады, үй жұмыстары, курстық жұмыстар (жоба) қарастырылады, семестрлік жұмыстар, есептер және СӨЖ-дің басқа да жұмыстары бақыланады.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың жалпы әдіс – тәсілдері кафедраға міндеттеледі, ал жекелеген ерекше әдістер оқу пәнінің оқытушысына жүктеледі.

Оқудың барлық формалары мен түрлеріндегі студенттердің өзіндік жұмысы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы негізінде құрылған (2018 жылғы 4 шілдеде енгізілген) жоғары кәсіби білімнің мемлекеттік стандарттарының талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін білім беру қызметінің міндетті түрлерінің бірі.

### **Студенттің өзіндік жұмысының жоспарлануы**

СӨЖ әр пән бойынша оқу тапсырмаларының барлық түрлері анықталып, ғылыми дәлелденген уақыт көрсеткіші негізінде жоспарланады.

СӨЖ-ді әдістемелік қамтамасыз ету сұрақтары бойынша оқытушылардың семинарлар мен кеңестер ұйымдастыруы;

СӨЖ-ді ұымдастыру технологиясындағы офис тіркеушінің міндеттері:

- аудиториялық қорды ескере отырып, университет оқытушыларымен бірге кеңес беру және ОСӨЖ кестесін үйлестіру және құру;
- оқу үрдісі кестесінің орындалуын бақылау;

СӨЖ-дің формасы мен түрлерінің әдістемелік ұсыныстар және нұсқаулықтармен қамтылуын бақылау;

### **Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру бойынша кафедраның міндеттері:**

Өзін-өзі реттейтін ұйымдарды ұйымдастыру университеттің нормативтік құжаттарына, студенттердің өзіндік жұмыстарының оқу-әдістемелік құжаттарына сәйкес кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамымен жасалады және оқу жоспарының (Syllabus) пәнінің оқу-әдістемелік кешенінде көрініс табады;

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқытудың мақсаты студенттердің өзінше білім алу мен өзіндік ұйымдастыру қабілеттерін цифрлық оқыту негізде дамыту болып табылады.

### **СӨЖ-ді жоспарлауда оқытушыларға цифрлық оқыту негізінде келесі талаптар қойылады:**

- СӨЖ тапсырмаларының түрлері мен мазмұнын анықтау және цифровизациялау;
- білім алушыларды цифрлық оқыту жағдайында тапсырмаларды орындау қажеттілігіне бағыттауы тиіс талаптар мен жалпы күтулерді белгілеу;
- СӨЖ-ді ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында әдістемелік материалдардың әзірлемесін дайындау;
- СӨЖ-дің әрбір тапсырмасы бойынша бағалауды анықтау;
- Бақылау түрінің әзірлемелерін дайындау(аралық, ағымдық);
- СӨЖ бойынша кеңес уақытын белгілеу;
- Тапсырмаларды тапсыру уақытының сақталуы;
- конференция режимінде СӨҰ бойынша онлайн кеңес беру уақытын белгілеу;
- цифрлық оқыту жағдайында тапсырмаларды тапсыру мерзімін сақтау;
- Тапсырма талдауларының критерийлері мен қатысу деңгейін анықтау;
- СӨЖ кестесін орындауды бақылау;
- СРО кестелерінің орындалуын бақылау.

СӨЖ-дің тақырыбы мен көлемін, әдіс-тәсілдерін, мақсаттары мен міндеттерін, пәннің жұмыс оқу бағдарламасы бойынша орындалуын қамтамасыз етілуін әр кафедра өзі белгілейді. СӨЖ-дің жоспарланған түрлері, сағаты, түрі және бақылау мерзімі әр курс силлабустарының бөлімдеріне сәйкес реттеледі.

Жұмыс оқу жоспарында белгіленген әр кафедра пәннің жұмыс оқу бағдарламасының сағат бойынша орындалуын қамтамасыз ете

отырып, СӨЖ мақсаты мен міндеттерін, түрлері мен әдістерін, СӨЖ тақырыбы мен көлемін анықтайды.

### **СӨЖ әдістемелік ұйымдастыруды қамтамасыз ету**

СӨЖ әдістемелік ұйымдастыруды қамтамасыз ету цифрлық оқыту жағдайында СӨЖ-ды жоспарлау және ұйымдастыру бойынша шаралар кешенін әзірлеуді және іске асыруды қамтиды:

- СРО жоспарлау;
- студенттерді электронды оқу әдебиеттерімен, оқу құралдарымен және компьютерлік техникамен қамтамасыз ету;
- академиялық пәндер бойынша курстардағы өзіндік жұмыстардың мазмұнына сәйкес цифрлық оқу-зертханалық базаны және оны жабдықтауды құру;
- компьютерлік сыныптарда СӨЖ (электронды кітапханаға сілтемелер) үшін қажетті жағдайлар жасау.

Оқу сабақтарының әртүрлі түрлерінде студенттердің өзіндік жұмыстарын жандандыру мыналарды қамтиды:

- электронды оқыту әдістерін оңтайландыру, білім беру процесіне заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды енгізу;
- СӨЖ ағымдық бақылау жүйесін жетілдіру (баллдық-рейтингтік жүйенің мүмкіндіктерін пайдалану, компьютерлік тестілеу және т.б.);
- студенттердің виртуалды зертханалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістемесін жетілдіру (онлайн-тестілеу және тестілеу және т.б.);
- студенттердің жұмысының барлық кезеңдерінде тәуелсіздігін арттыру үшін курстық және дипломдық жобалау жүйесін жетілдіру (конференция режиміндегі онлайн-кеңестер, зерттеу бөлімдерін онлайн тексеру, онлайн-шолу).

Сонымен бірге тақырыптар мен бөлімдердің оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуі және оның барлық студенттерге онлайн режимінде қол жетімділігі ескерілуі керек.

### **СӨЖ әдістемелік ұйымдастыруды қамтамасыз ету жұмыстары:**

- Өз бетінше оқу үшін оқу мазмұнын сұрыптау;
- СӨЖ түрін белгілеу;
- Студенттердің өзіндік жұмысының тапсырмаларын орындауға арналған электронды әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу;
- СӨЖ қорытындысын бақылау.

## **Студенттердің өзіндік жұмыстарына цифрлық оқыту жағдайында жетекшілік жасау**

СӨЖ-ге кафедра және кафедра оқытушылары жетекшілік жасайды.

Университеттегі СӨЖ-ді бақылауды, жоспарлауды, кешенді ұйымдастыруды оқу-әдістемелік бөлімі, офис регистраторлар бөлімі цифрлық отыту шарттарына сай жүргізеді.

### **Кафедраның міндеттері:**

- жалпы мамандық бойынша өзін-өзі реттейтін ұйымдардың электрондық бағдарламасын құру;
- семестр бойынша СӨЖ мониторингінің кестесін құру (бақылау және кеңес беру қызметін біркелкі тарату үшін);
- білім беру процесіне және білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау жүйесіне заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды енгізу;
- оқулықтар мен оқу құралдарының қол жетімділігін бақылау;
- бөлімдерде СӨЖ жоспарлау кезінде стандарттардың сақталуын бақылау;
- университет оқытушыларының электронды оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруын көтермелеу;
- кафедрада қарастырылған барлық курстар үшін СРО үшін қажетті материалдардың электрондық пакетін дайындау;
- кафедра пәндеріне бақылаудың автоматтандырылған кестесін құру;
- кафедрада оқытылатын барлық курстар үшін оқулықтар мен оқу құралдарының болуын бақылау;
- стандарттардың сақталуын бақылау;
- оқу курстарының электрондық бағдарламаларын, өзін-өзі реттейтін ұйымдарға арналған нұсқаулықтарды, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау және басып шығару;
- кафедра пәндерінде СЖӨ-ді бақылауда цифрлық мониторинг жүйесін енгізу.

### **Оқытушының міндеттері:**

- оқу курсының СӨЖ жоспарын жасау;
- білім беру мазмұны мен СӨЖ-ге бөлінетін сағаттардың санын анықтау;
- бақылау-өлшеу материалдарының электрондық пакетін дайындау және бақылау жиілігін анықтау;
- цифрлық оқытудағы жеке жұмыс жүйесін анықтау.

### **Оқу – әдістемелік бөлімінің міндеттері:**

- кафедралардың СӨЖ кестелерін уақтылы құруын бақылау;
- СӨЖ үшін электрондық ресурстардың және оқу әдебиеттерінің қол жетімділігін бақылау;
- цифрлық оқыту контекстінде СӨЖ жоспарлау кезінде стандарттардың сақталуын бақылау.

Электрондық білім беру ресурстарының көмегімен СӨЖ дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылуы керек.

### **Цифрлық оқыту жағдайында СӨЖ-ді ұйымдастыру формалары:**

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін LMSMoodle платформасын (Learning Management System – оқытуды басқару жүйесі) пайдалану ұсынылады, оның құрамына студенттерге оқу мазмұнын дайындауға және жеткізуге арналған құралдар, сонымен бірге оқу процесін басқару құралдары кіреді.

Талданған ғылыми жұмыстарға (А.А. Андреева, В.М. Вымятин, Е.С. Полат, А.В. Хуторская және т.б.) және әртүрлі білім беру платформаларын пайдалану тәжірибесіне сүйене отырып, LMSMoodle жоғары оқу орны негізінде электрондық білім беру ресурстарын орналастырудың сенімді және ыңғайлы тәсілі деген қорытындыға келдік.

Moodle платформасында әзірленген пән модульдік құрылымы бар ресурс болып табылады, онда келесі негізгі элементтерді бөлуге болады:

Интерактивті мазмұн – элемент ретінде таратылуы шектеулі ақпараттарды құруға мүмкіндік береді, мысалы: бірнеше таңдау сұрақтары, презентациялар, интерактивті бейнелер, апару және тастау тапсырмалары және т.б. Бұл ресурс өте тиімді және көрнекі, бірақ платформа 100 баллдық шкала бойынша бағаланбайды, мысалы, курс элементі «Тапсырма» немесе «тест».

Форум – өзіндік жұмысты ұйымдастырудың нысаны ретінде асинхронды режимде жұмыс жасайтын коммуникативті элемент болып табылады. Сіз форумдардың бірнеше түрін елестете аласыз: әр қатысушы жаңа пікірталасты бастай алатын стандартты форум; «сұрақ-жауап» форумы, онда студент алдымен сұраққа жауап беруі керек, сіз тек бір тақырыпты өткізе алатын форум.

Бұл элемент хабарларда көрсетілетін суреттерді тіркеуге мүмкіндік береді. Қатысушылар форумдағы хабарламаларға жазыла алады, бұл жағдайда жаңалықтар легі жаңартылған жағдайда хабарламалар электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

Оқытушы оқу тобындағы барлық студенттерге, мысалы, жалпы жаңалықтар форумына жазылуы керек. Форум жазбаларын бағалауға болады.

Wiki – өзіндік жұмысты ұйымдастырудың формасы ретінде бір-неше адам құжатты бірден браузер терезесінде қарапайым белгілеу тілін қолдана отырып құруға болады, яғни онымен студенттер бірлесіп жұмыс жасай алады, мазмұнын қосады, кеңейтеді және өзгертеді.

Құжаттың алдыңғы нұсқалары жойылмайды және кез-келген уақытта студенттерді бағалау немесе басқа білім беру мақсаттары үшін қалпына келтірілуі мүмкін.

**Глоссарий** – өзіндік жұмыста ұйымдасқан түрдегі – бағдарламада қолдамалатын ұғымдарды келісу туралы, сендей-ақ, зерттелетін материалдың сіздің бойыңыздағы термездігіңіз.

**Тапсырма** – өзіндік жұмысты ұйымдастырудың формасы ретінде оқытушыға жауаптарды электронды түрде (немесе кез-келген форматта) дайындауды және оны серверге жүктеуді талап ететін тапсырма қоюға мүмкіндік береді.

**Тест** – өзіндік жұмысты ұйымдастырудың формасы ретінде оқытушыға тест сұрақтарының жиынтығын жасауға мүмкіндік береді. Сұрақтар жабық нысанда (бірнеше таңдау), шынайы / жалған таңдауымен, сәйкестік үшін қысқа мәтіндік жауап, сонымен қатар сандық немесе есептік жауаптар ұсынылуы мүмкін. Барлық сұрақтар мәліметтер базасында сақталады және кейіннен оларды басқа білім беру мақсаттарында пайдалануға болады.

Moodle электронды платформасында ғылыми-педагогикалық бағыттағы шеберлерге арналған «Жоғары мектеп педагогикасы» оқу пәніндегі өзіндік жұмысты ұйымдастырудың формасы ретінде сіз өз бетінше жұмыс курсың ұйымдастыра аласыз. Магистранттардың оқу жоспарына сәйкес жалпы 3 кредит 90 сағаттан тұрады, өзіндік жұмыстарға 60 сағат бөлінеді. Сондықтан оқытушының алдына өзіндік жұмысты өз бетінше қоя білетін, білімді іс жүзінде қолдана алатын және студенттердің білімінің осындай педагогикалық деңгейіне жету үшін 10 апта ішінде (триместр ішінде) студенттердің ақыл-ой белсенділігін күшейтетін етіп, өзіндік жұмысты ұйымдастыру міндеті тұр. дағдылар.

Осылайша, әзірленген міндеттердің негізгі мақсаттарының бірі – магистранттардың өзіндік жұмыстарын жандандыру және күшейту; білім беру мақсатына жету үшін қолайлы педагогикалық жағдайлар жасау.

Пәннің кіріспе бөлімінде: пәннің жұмыс жоспары; бүкіл триместрге таратылатын күнтізбелік апталық тәртіп жоспары; Интернет-ресурстарға сілтемелері бар қажетті әдебиеттер тізімі; пәнді сертификаттау ережелері; алған білімдерін бағалау критерийлері бар тапсырмаларды тапсыру ережелері; емтиханға арналған сұрақтар; глоссарий; мұнда пәннің 20-30 негізгі тұжырымдамалары көрсетілген, есепке алуға арналған сұрақтар тізіміне сәйкес келеді; білім тестінің глоссарийі; пәнді оқудың жалпы ережелері; өзіндік жұмыстарға жалпы басшылық. Moodle электрондық платформасында платформада жұмыс істеу мәселелеріне арналған жалпы жаңалықтар форумы ұсынылған.

Оқу пәніндегі әр тапсырмада практикалық дағдыларды дамытуға қажетті тапсырмаларды орындауға арналған кезең-кезеңдік нұсқаулар бар; оқытылатын пән бойынша алған дағдыларын шоғырландыруға арналған өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар; ұсынылған оқу басылымдарына сілтемелер; мәтіндік құжаттармен (мысалы, Wiki, saint-petersburg.com) және тақырып бойынша бейне материалдармен (мысалы, YouTube, TED) сыртқы ақпарат көздеріне сілтемелер;

Жаттығуларды қалыптастыру және өздігінен зерттелетін тақырып бойынша жаттығу тест тапсырмасын дайындау. Олардың көмегімен сіз желіде тест жұмыстарын және білімді тексере аласыз. Курс бойынша кері байланыс жеке хабарламалардағы синхронды байланысты және форумдарда асинхронды байланыстың көмегімен жүзеге асырылады.

Электрондық білім беру платформасындағы СӨЖ танымдық іс-әрекеттің логикасы мен оқытушы мен студенттердің іс-әрекетін ғылыми ұйымдастыруға сәйкес құрылған. Тәуелсіз таным процесін бастау үшін студенттер жаңа проблемамен, яғни жаңа танымдық тапсырмамен танысу керек.

Ұсынылған материалмен танысқаннан кейін материалдың дұрыс қабылданатынына және зияткерлік біліктерді (ақпаратпен жұмыс) қоса алғанда, тиісті дағдылар мен біліктердің қалыптасқандығына көз жеткізу қажет. Бұл кезеңде жеке жұмыс емес, топтық жұмыс қажет, ол бірлескен күш-жігермен туындаған қиындықтарды еңсеруге, күрделі сұрақтарға жауап беруге, бір-біріне көмектесуге, ой алмасуға мүмкіндік береді. Және Moodle платформасында жұмыстың осы түрін курс элементінің көмегімен жүзеге асыруға болады – форум, жоғарыда көрсетілген ресурста.

Жоғарыда көрсетілген педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруды бақылау үшін пән бойынша келесідей СӨЖ түрлерін таңдауға болады:



**Реферат.** Білім беру желілік процесінің қатысушылары өз бетінше зерттеу жүргізу немесе Интернетте немесе дәстүрлі басылымдарда бірінші дереккөздерге сүйеніп тақырыпты зерттеу тапсырмасын алады.

Рефераттар тақырыптары алдын ала ұсынылады.

Өзіндік жұмыс қорытындысы бойынша білім алушылар есептерді белгіленген мерзімде электрондық пошта арқылы жібереді.

**Эссе.** Білім алушылар шығармашылық тапсырмада өз көзқарасын білдіреді, ол поштаға немесе белгіленген мерзімде платформа арқылы жіберіледі.

Өзіндік жұмыс қорытындысы бойынша білім алушылар белгіленген мерзімде электронды пошта арқылы эссе жібереді.

**Жоба.** Білім алушылар топтарда зерттеу тақырыбын таңдайды (2-3 адам), содан кейін мәселені анықтау және шешу үшін сол орынға барады. Өзіндік жұмыстың қорытындысы бойынша білім алушылар алдын ала келісілген мерзімге презентация дайындап, жібереді.

Қорытындылай келе, интернет-технологияларды оқу бағдарламаларына енгізуді оқу үдерісінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, сонымен қатар цифрлық оқыту принциптерін ескере отырып, әрбір білім алушының жеке-тұлғалық және кәсіби-педагогикалық ерекшеліктерін дамытуға бағытталуы тиіс.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Өзіндік жұмыс қандай маңызды функцияларды орындайды?
2. СӨЖ қандай түрлерге бөлінеді?
3. Білім алушылардың өзіндік жұмысын жоспарлауға не кіреді?
4. Цифрлық педагогикада СӨЖ қандай түрлері бар?
5. Цифрлық педагогикада СӨЖ жоспарлау қалай жүзеге асырылады?
6. СӨЖ оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша жұмыс нені қамтиды?
7. Цифрлық оқыту жағдайында СӨЖ жоспарлау қалай жүзеге асырылады?

### **Тірек конспект**

**СӨЖ** – бұл цифрлық оқу процесін ұйымдастыру формасы және білім алушылардың белсенділігін, дербестігін, танымдық қызығушылығын ояту.

**Өздік жұмыс маңызды функцияларды орындайды:**

- Болашақ маманның білімді меңгеруге мүмкіндік береді, кәсіби білімі мен дағдысын қалыптастырады, кәсіби құзіреттілігін қамтамасыз етеді;
- Тұлғаның өздігінен білім алу қажеттілігін тәрбиелейді, танымдық және шығармашылық қабілеттілігін арттырады;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына талпындырады.

**СӨЖ әдістемелік ұйымдастыруды қамтамасыз ету жұмыстары:**

- Өз бетінше оқу үшін оқу мазмұнын сұрыптау;
- СӨЖ түрін белгілеу;
- Студенттердің өзіндік жұмысының тапсырмаларын орындауға арналған электронды әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу;
- СӨЖ қорытындысын бақылау.

**Өзіндік жұмыс екі түрге бөлінеді** – оқытушы жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ) және толығымен студенттің өзі орындайтын жұмысы (СӨЖ).

**Әдебиеттер:** [71, 72, 73, 83, 89, 96, 104, 111, 117, 124, 129]

## 12. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ

Цифрлық оқыту жағдайында білім беруді цифровизациялауға байланысты білім беру мекемелерінде оқу процесін ұйымдастыру үшін техникалық құралдарды қолдану өзекті мәселердің бірі болып табылады.

Осыған байланысты, цифрлық қоғамның даму үрдістерін және білім беру жүйесін цифрландыруды басшылыққа ала отырып, оқу жұмысын ұйымдастыру үшін оқытушының педагогикалық қызметіндегі маңызды бағыттарын атап өтуге болады. Сондай бағыттардың бірі оқу пәндері бойынша терең теориялық және практикалық дайындығымен қоса электронды оқыту құралдарын меңгеруімен оны кеңінен қолдана алуы.

Сонымен, электрондық оқыту құралдары дегеніміз нені білдіреді? Электрондық оқыту құралдары – бұл белгілі бір пәндік салада ақпараттық коммуникативтік технологияларды оқу қызметінің әр түрлі түрлерін жүзеге асыруға арналған оқу мақсатындағы бағдарламалық құралдар.

**Электрондық оқыту құралдары** (ары қарай – ЭОҚ), оқыту мақсатында пайдаланылуына байланысты келесі ретте жіктеуге болады (Кесте – 1):

1-кесте. – Электрондық оқыту құралдарының жіктелуі

| П/н | ЭОҚ – ның атауы  | ЭОҚ – ның қолданылу аясы   |
|-----|--|--|
| 1   | 2  | 3  |
| 1   | <b>Оқыту және бағалаушы бағдарламалық құралдар немесе белсенді оқыту бағдарламалық құралдары</b> |  |
| 1.1 | Бағдарламалық құралдар<br>(тренажёрлер)  | Оқу материалын меңгерудің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, өз-өзін дайындауға көмектеседі және оқу материалын қайталау немесе бекіту кезінде қолданылады |
| 1.2 | Ақпаратты іздеу немесе анықтау үшін құрылған бағдарламалық құралдар                              | Қажетті ақпаратты таңдау мен қорытындылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ақпаратты   |

1-кестенің жалғасы

| 1   | 2   | 3  |
|-----|---|--|
|     |   | іздеу және жүйелеу бойынша білім алушылардың іскерлігін қалыптастыру үшін қолданылады  |
| 1.3 | Модельдеуші бағдарламалық құралдар  | Объектіні, құбылысты, процесті немесе жағдайды меңгеру және зерттеу мақсатында (нақты және виртуалды) моделін құруға арналған                                    |
| 1.4 | Демонстрациялық бағдарламалық құралдар  | Оқу материалының көрнекі ұсынылуын, оқытылатын құбылыстардың, процестердің визуализациясын және объектілер арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді          |
| 1.5 | Оқу-ойындарын қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдар                            | Педагогикалық оқу жағдайларын шешу үшін (мысалы, оңтайлы шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру немесе тиімді әрекет стратегиясын әзірлеу мақсатында) қолданылады |
| 2   | <b>Қадағалаушы және бағалаушы бағдарламалық құралдар</b>                          |  |
| 1.2 | Білімді меңгеру деңгейін бақылауды қамтамасыз ету құрылған бағдарламалық құралдар | Оқу материалдарын меңгеру деңгейін бақылауға (өзін-өзі бақылауға) арналған   |

ЭОҚ пайдалану кезінде келесі *нақты шарттарды* сақтау керек:

- Оқу-әдістемелік және анықтамалық материалдармен қамтамасыз етілуі;
- Білім алуға деген мотивацияның болуы;
- Білім алушылардың өзіндік жұмыс орындауға дайындығы;
- Оқытушының кеңес беруі;
- Орындалған өзіндік жұмыстың сапасын жіті бақылау жүйесінің болуы.

## Оқытудың бағдарламалық құралдары

**Оқытудың бағдарламалық құралдары** – қандай да бір пәндік сала көрсететін, оны зерттеу технологиясы қандай да бір шамада іске асырылатын, оқу қызметінің түрлі деңгейлерін жүзеге асыру үшін жағдайлар қамтамасыз етілетін бағдарламалық құралдарды атаймыз.

Бағдарламалық құрал арқылы экранда әр түрлі формада оқу ақпаратын ұсынуға болады; *білімді меңгеру, оқу немесе практикалық іс-әрекет дағдыларын және (немесе) машықтарын меңгеру үдерістеріне бастамашылық жасау; оқыту нәтижелерін бақылауды, тренингті, қайталауды тиімді жүзеге асыру; білім алушылардың танымдық қызметін жандандыру; ойлаудың белгілі бір түрлерін қалыптастыру және дамыту.*

Функционалдық міндеті бойынша оқытудың бағдарламалық құралдарын келесі типтерге бөлуге болады (2-Кесте):

2-кесте. – Оқытудың бағдарламалық құралдары мен олардың функционалдық қызметтері

| р/с | Оқытудың бағдарламалық құралдарының түрлері                          | Бағдарламаның функциясы   |
|-----|--|---|
| 1   | 2  | 3   |
| 1   | Қолданбалы бағдарламалар немесе педагогикалық бағдарламалық құралдар | Цифрлық оқытуда компьютер қолданушыға арналған онлайн оқыту диалогын ұйымдастыру және қолдау үшін.<br>Функционалдық міндет цифрлық оқытудағы ақпаратты білім алушыға жекелей тәсілмен жеткізуді қамтамасыз етеді.<br>Жаңа ақпаратты цифрлық оқыту бағдарламаларын қолданушымен кері байланыс арқылы меңгеру |
| 2   | Диагностикалық, тесттік бағдарламалар                                | Бағдарламаның міндеті білім алушының қате әрекеттерінің себептерін анықтау, оның білімін, іскерлігін, дағдыларын бағалау, оның оқу деңгейін немесе зияткерлік даму деңгейін анықтау   |

| 1 | 2                                      | 3   |
|---|--|---|
| 3 | Инструменталдық бағдарламалық құралдар | Оқу мақсатындағы цифрлық бағдарламалық құралдарды (жүйелерді) құрастыруға, оқу-әдістемелік және ұйымдастыру материалдарын дайындауға немесе генерациялауға, графикалық немесе музыкалық қосылыстарды, бағдарламаның сервистік «қондырмаларын» құруға арналған |

Педагогикалық бағдарламалық құралдар компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларды қолдануға негізделген оқу процесін технологиялық қамтамасыз ету болып табылады.

Педагогикалық бағдарламалық құралдар, жүйелер, орталар, бағдарламалар және олардың мақсаты 3 – кестеде жіктелген:

3-кесте. – Педагогикалық бағдарламалық құралдар, жүйелер, орталар және олардың міндеттері:

| р/с | Құралдардың түрлері                   | Бағдарламалардың функциялары   |
|-----|---------------------------------------|--|
| 1   | 2                                     | 3  |
| 1   | Инструменталды жүйе                   | Автоматтандырылған құралдарды немесе бақылау, кеңес беру, тренингтік міндеттегі жүйелерді әзірлеу барысында, оқу материалдарының «қағаз түрінде» көрсетуін барынша азайтып, оны «экрандық» түрге ауыстыруға мүмкіндік береді |
| 2   | Авторлық бағдарламалық жүйелері       | Оқыту міндетін жүзеге асыру үшін жеке оқытушылардың бағдарламалық құралдарды (жүйелерді)   |
| 3   | Компьютерлік модельдеу жүйелері       | Демонстрациялау мен имитациялауға арналған   |
| 4   | Пәнге ыңғайластырылған технолдогиялық | Оқу материалын меңгеруге арналған  |

## 3-кестенің жалғасы

| 1  | 2  | 3  |
|----|--|--|
|    | элементтері кіріктірілген педагогикалық технологияларға негізделген бағдарламалық орта |  |
| 5  | Инструменталды бағдарламалық құралдар  | Оқу ақпаратын жүйелеу мақсатында деректерді өңдеу жүйесін пайдалану (Ақпараттық-ізденістік жүйелер, әртүрлі білім салалары бойынша оқу базасындағы мәліметтер)   |
| 6  | Эксперттік жүйелер   | Жүйе мен пайдаланушы арасындағы диалогты ұйымдастыруға арналған яғни қандай да бір оқу міндеттерін шешу барысын пайымдау кезінде цифрлық жүйені пайдаланушының талабына сай ұсыну құралы ретінде   |
| 7  | Пәнге бағытталған бағдарламалық орта   | Оқытылатын оқу объектілерін моделдеу; осындай бағдарламалар негізінде оқу жұмысы орындалады  |
| 8  | Бағдарламалық орта   | Мәтіндерді дайындау жүйесін, электрондық кестелерді, графикалық және музыкалық редакторларды немесе оларды кешенді пайдаланудың интеграцияланған жүйелерін қолдану негізінде оқу қызметінің мәдениетін, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру үшін  |
| 9  | Бағдарламалық құралдар   | Оқу экспериментінің нәтижелерін өңдеу процесін автоматтандыруға арналған, оның ішінде нақты өтетін процестер туралы ақпаратты алуға, жазуға және визуализациялауға мүмкіндік беретін датчиктерге арналған өлшейтін және бақылайтын бағдарламалар |
| 10 | Басқарушы бағдарламалық құралдар   | Нақты объектілердің іс-қимылдарын басқару үшін (мысалы, әртүрлі өнеркәсіптік құрылғылардың немесе механизмдердің   |

3-кестенің жалғасы

| 1  | 2                                | 3   |
|----|----------------------------------|---|
|    |                                  | жұмыс істеуін имитациялайтын роботтардың іс-әрекеттері)   |
| 11 | Оқытуды бағдарламалау ортасы     | Алгоритмдік және программистік ойлау стилінің негізгі компоненттерін құру және бағдарламалау дағдыларына бастапқы оқыту үшін  |
| 12 | Бағдарламалық орталар            | Оқытушының кейбір функцияларын орындау. Бұл бағдарламалық құралдар әдетте компьютерде жұмыс істеуге қатысты командалар, жұмысты тоқтату туралы, тексеруді орындау туралы, ақпаратты өзгерту қажеттілігі туралы, қосымша деректерді алу туралы, жұмыс барысын талқылау туралы нұсқаулар береді |
| 13 | Бағдарламалық құралдар           | Оқу орындарында, оқу орындарының іс қағаздарын жүргізу жүйесін және ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету процесін автоматтандыру үшін  |
| 14 | Сервистік бағдарламалық құралдар | Пайдаланушы жұмысының қолайлылығын қамтамасыз ету (оқыту нәтижелерін бақылау процесін автоматтандыру, ұйымдастыру-әдістемелік материалдарды жинақтау және тарату, желі бойынша бағдарламалық құралдарды жүктеу және беру, сабақ барысын басқару)  |
| 15 | Ойындық бағдарламалық құралдары  | Оқу үрдісінде ойын және оқу-ойын іс-әрекетінің әр түрлі деңгейлерімен қамтамасыз ету  |

Бағдарламалық құралдың әрбір түрінің әдістемелік міндеті оқу процесінде оны пайдаланудың әдістемелік мақсаттарын және оқу үдерісін қарқындылығы бағдарламалық құралдардың мүмкіндіктерін көрсетеді, оны оқу процесінің жоғары сапалы деңгейіне ауыстырады.

Бұдан әрі біз жаңа форматтағы оқытушы өзінің мақсаты бойынша меңгеруі тиіс ЭОҚ-на тоқтап, сипаттағымыз келеді.



## Интерактивті презентацияларды жасау құралдары

Интерактивті презентацияларды жасау құралдарына «Microsoft Power Point», «Prezi» жатады.

**Microsoft Power Point** – презентацияларды дайындау мен презентацияларды қарау бағдарламасы, Microsoft Office бір бөлігі және Microsoft Windows және macOS операциялық жүйелеріне арналған редакцияларда сондай-ақ Android және IOS мобильдік платформалары үшін қол жетімді болып табылады. PowerPoint көмегімен дайындалған материалдар үлкен экранда – проектор немесе үлкен көлемді теледидар экраны арқылы көрсетуге арналған.

Бүгін мультимедиа презентациялар – бұл бизнес саласындағы стандарт ақпараттарды ұсыну, ауысымға келген қағаз корпоративтік брошюраны, каталогтар, жылдық есептер, жарнамалық анықтамалық аңдатпалар, үгіт қағаздар және пресс-ойларды.

Презентацияны анимацияланған GIF-файл түрінде сақтау оқу материалын түрлі құрылғыларда барлық арнайы әсерлерді сақтай отырып көрсетуге мүмкіндік береді.

### Prezi

**Prezi** – бұл виртуалды кенепте (на холсте) идеяларды ұсыну үшін презентациялар мен әңгімелеу құралы үшін бұлты бағдарламалық қамтамасыз ету. Prezi сөзі – *«қысқаша мазмұндама»* дегенді білдіреді.

Презентациялық өнім масштабталған пайдаланушы интерфейсіні пайдаланады, ол пайдаланушыларға өзінің презентациялық материалдарының ауқымын арттыруға және азайтуға, кеңістікте ақпарат бойынша көрсетуге және жылжытуға мүмкіндік береді.

Prezi ресми түрде 2009 жылы Адам Сомлай-Фишер, Питер Халакси және Питер Арваимен бірге құрылған.

Prezi (немесе Prezi.com) 2008 жылы Kitchen Budapest және Magyar Telekom қолдауымен қарапайым слайд-презентацияларды алмастыруға арналып құрылған.

Онлайн және оффлайн ZUI Prezi редакторлары пайдаланушыларға панорамалау және масштабтау, сондай-ақ айналдыру немесе нысанды редакциялау үшін жалпы құралдар палитрасын пайдалана отырып масштабтау.

Презентацияны пайдаланушы нысандарды кенепте (на холсте) орналастырады және бейнелер, суреттер, мәтіндер және басқа да презентация құралдары арасында жылжытады.

Кадрлар презентациялық медианы презентацияның бір нысаны ретінде бірге топтастыруға мүмкіндік береді. Жолдар-бұл сызықтық

көріністі құрылымдау мақсатында көрініс объектілерін байланыстыратын навигациялық тізбектер.

Prezi Desktop Prezi Pro немесе Edu Pro жазылушыларына дербес режимде жұмыс істеуге, өз презентацияларын Windows немесе Mac жүйелерінде жасауға және сақтауға мүмкіндік береді. Prezi Desktop Editor пайдаланушыларға дербес режимде презентациямен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Prezi Collaborate – бұл бірлескен жұмысқа арналған интерактивті функция, ол он адамға дейін нақты уақытта өз презентацияларын өңдеуге және көрсетуге мүмкіндік береді (бірлесіп орналасқан немесе географиялық жағынан бөлінген). Пайдаланушылар презентацияға бір уақытта қатысады және әрбір визуалды презентация терезесінде шағын аватармен ұсынылады. Дегенмен, Prez Meetings бір мезгілде презентацияны көрсетуге болатын жалғыз нұсқа емес. Қатысушылар Prezi презентациясын редакциялау үшін кейінірек шақырылуы мүмкін.

Prezziр сондай-ақ PreziU үшін құралдар жиынтықтары және файлдарды таныстыру арқылы көрнекі элементтері бар үлгілерді ұсынады.

## **Құжаттар мен медиа файлдарды бірлесіп жасауға және қолдануға арналған құралдар**

### **Google Docs**

Google құжаттары – Google компаниясы әзірлеген тегін онлайн-кеңсе. Writely және Google Spreadsheets біріктіру нәтижесінде құрылған.

**Google Docs** бірлескен файлдарды жасау, оларды өңдеу және басқа пайдаланушылармен бірге жұмыс істеу үшін арналған. Google құжаттармен, электрондық кестелермен және презентациялармен бірге жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Кез келген құрылғыда – смартфон, планшет немесе компьютерде қолдануға болады. Мұның бәрін тіпті интернетке қосылмай, Google негізгі «кеңселік» қосымшаларының интерфейстерін интуитивті түрде жасауға болады және авторларға құжаттар мен кестелерді бірлесіп жасауға, редакциялауға, сондай-ақ оларды желіде жариялауға мүмкіндік береді.

Кейінірек қосымшаның функционалдығы 2012 жылы іздеу корпорациясы сатып алған Quickoffice кеңселік топтамасының көмегімен кеңейтілді. Google Android және Apple iOS мобильді платформа-

лары үшін компания Android SDK және Xcode көмегімен жасалған қосымшалардың арнайы редакциясын әзірледі.

Бұл қызмет көрсету түрлері мынадай

1. Білім алушылардың бірлескен жұмысы.
2. Оқу бағдарламасын жоспарлау бойынша оқытушылардың бірлескен жұмысы.
3. Алда келе жатқан іс-шаралар туралы ақпараттық парақшалар жасау.

## **Интернет-сервистер**

**Интернет-сервистер** көптеген сервистер бар, оларды нақты дидактикалық тапсырмалар бойынша бір шеңберде топтастыру қиын.

Әдетте, интернет-сервисте интерактивті жаттығулар, дидактикалық ойындар, тест, викториналар, презентациялар жасау үшін конструктор болып табылады. Қазіргі таңда бағдарламашылар мен оқытушылардың бірлескен жұмысының арқасында осындай платформалар әзірленуде және құрылуда.

Бұл интернет – сервистердің мақсаты оқытушылардың онлайн цифрлық өнімдердің дайын үлгілері мен құралдарды жасау және ұсыну. Оқытушының қол астында авторлық оқу материалдары, жаттығуларды, модульдерді жасау үшін құралдардың, шаблондардың, конструкторлардың аса бай қоры болуы өте маңызды. Қолайлы жағы, бұл сервистерді пайдалану үшін цифрлық технологияны толығымен терең меңгеру аса маңызды емес. Бар болғаны, оқытушыны арнайы дайындықтан өткізу керек.

### **Glogster**

**Glogster** – бұл мәтін, бейне – сурет, гиперсілтеме және бейне – суреттері бар интерактивті плакаттарды жасау үшін пайдаланылатын тегін құрал.

**GLog** – графиканы, аудио, бейне және мәтінді бейнелерді бір цифрлық кенепте(холсте) біріктіре отырып, идеяларды оңай жеткізуге мүмкіндік беретін мультимедиялық интерактивті плакат.

Оқу процесінде Glogster пайдаланудың басты идеялары:

1. Тақырыптық плакаттар құру.
2. Көрнекі нұсқаулықтарды жасау.
3. Эксперимент нәтижелерін көрсету.

Glogster EDU – оқытушының аудиторияда интерактивті тақта көмегімен интерактивті плакаттарды көрсетуіне арналған технологиялық жағынан жақсы тексерілген құрал. Сервисті білім алушылардың бірлескен шығармашылығы үшін интерактивті өмірбаяндарды, уақыт таспаларын жасауға, математикалық және физикалық формулаларды енгізуге, эксперименттер нәтижелері көрсетуге пайдалануға болады.

Сервис плакатқа қосылатын тақырыптық суреттердің үлкен жиынтығына ие. Интерактивті плакаттың соңғы нұсқасын басып шығаруға, сілтеме арқылы білім алушылардың жеке парақшаларына, топтың сайтына жіберуге болады.

Осылайша, осы сервистің көмегімен жасалған оқытушының интерактивті плакаттары мен блогтарының көмегімен білім алушылардың оқытылатын пәнге деген қызығушылығын арттырып, пән мен білім алушы арасында тығыз қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Интерактивті плакаттарды жасау білім алушылардың сыни ойлау деңгейлерін жетілдіріп, тәжірибе барысында зерттеу дағдыларын іс жүзінде іске асыруға мүмкіндік береді.

### **Learning Apps платформасы**

*Learning Apps платформасы* (<https://learningapps.org>) интерактивті жаттығулар құру арқылы педагогикалық қорда ерекше орын алады. Платформаға кірген соң қолдану тілін таңдап, өзіңізге керекті бөлімді таңдау арқылы жұмыс жасай аласыз.

«*Барлық жаттығулар*» бөлімі әр түрлі елдердің оқытушылар құрастырған және пәндер мен күрделілік деңгейі бойынша жіктелген жаттығулардан тұрады. Сайтта оқытушы өз жұмысында қолдана алатын интерактивті жаттығулардың үлкен топтамасы жинақталған.

### **Kahoot**

*Kahoot* – бұл дидактикалық мақсатта тиімді пайдалануға болатын онлайн-викториналар, тестілер мен сауалнамалар өткізуге арналған танымал сервис түрі. Білім алушылар ұсынылған тапсырмаларға планшеттерден, ноутбуктерден, смартфондардан, яғни Интернетке қосылған кез келген құрылғыдан жауап бере алады.

### **Цифрлық білім беру құралдарын әзірлеу құралдары**

Қоғамдық өмірдің барлық салалары ақпараттандыру және бұқаралық коммуникация жағдайында дамып жатқан қазіргі замандағы оқу процесі электрондық оқыту құралдарын (ЭОҚ) пайдаланумен яғни,

арнайы пәнге арналған әртүрлі ақпараттық құралдар пайдаланумен тығыз байланысты.

### **Adobe Captivate**

Adobe Captivate (бұрын Robo Demo атауымен белгілі) – Microsoft Windows пайдалану арқылы электрондық оқытуда қолданылатын электрондық курстарды жасау және редакциялау бағдарламасы, және Mac OS X үшін бесінші нұсқасында қолданылатын бейнесабақтар өткізуге, бағдарламаның симуляциясын жасауға, «swf» форматындағы оқу презентацияларды, түрлі тесттерді жасауға пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етудің бір түрі. Adobe Captivate «swf» форматында жасалған бейнелерді сайттарға жүктеу үшін «avi» форматына алмастыруға болады.

Сондай-ақ Adobe Captivate – ті скринкасттар, подкасттар жасау үшін және Microsoft PowerPoint презентацияларын Adobe Flash форматына түрлендіру үшін пайдалануға болады.

Captivate көмегімен Интерактивті бағдарламаларды, подкасттарды, скринкасттарды, ойын-сабақтарды жасауға және өңдеуге болады. Captivate арқылы жасалған скринкасттар экраннан толық жазбаларға қарағанда әлдеқайда аз орын алады.

Пайдаланушылар Captivate – те жасалған презентацияларда әсерлерді, белсенді нүктелерді, мәтіндік аймақтарды, бейне және т.б. өз талғамдарына сай өзгерте алады. Автор презентация құрамын толығымен өзгерте алады. Белсенді нүктелерді басу арқылы басқа слайдқа өтуге немесе сілтемелерге кәруге болады.

Captivate – те жасалған жобаларға суреттерді, PowerPoint, бейне, flv және аудио презентацияларын жүктеу өте қолдайды.

2019 жылғы жаңартылған нұсқасында жаңа «жылдам жобалар» құралы арқылы дайын слайдтар мен түрлі интерактивті элементтер көмегімен мобильді құрылғыларға арналған қызықты курстар құру мүмкіндігі пайда болды.

Құрама курстардың құрылымы автоматты түрде қалыптасады, сондай-ақ бір объектінің безендірілуі мен стилін басқа объектіге қолдану мүмкін болды. Бұдан басқа, енді SVG объектілерінің виртуалды шындықтың белсенді нүктелерін басу арқылы редакциялауға және оларды түймелерге түрлендіруге, сондай-ақ берілген бейнекомсымшаны ойнату түймесі арқылы іске қосып бірнеше слайдты қосуға болады, бұның барлығы уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

*Функциялары:*

- 1) Электрондық курстарды құрастыру;
- 2) Дайын слайдтарды пайдалану арқылы курстар дайындау – дайын слайдтарға мазмұнды қосу немесе «жылдам жобалар» қолдану және мобильді құрылғыларға арналған қызықты курстар жасау;
- 3) Мобильді құрылғылар үшін виртуалды турлар мен курстар құру – білім алушыларды оқу процесіне қызықтыру мақсатында әр түрлі тақырыптарға оқыту курстарын құру: олар виртуалды тур арқылы кейіпкердің атынан әрекет ете отырып, күрделі қиын жағдайда күш сынай алады, қауіпсіздік техникасы бойынша тренингтен және т.б. өте алады. Виртуалды турларды құрастыру барсында «ресурстар дүкенінен» керекті бөліктерді алуға болады. Адаптивті блоктарды теңшеу және курстарды алдын ала қарау мүмкіндігі бар – әр түрлі экранды мобильді құрылғыларға контентті бейімдеу;
- 4) PowerPoint контентін бейне ретінде PowerPoint контентінің интерактивті бейне жазбасына түрлендіру және қызықты интерактивті элементтерді қосу және бейне ретінде тексеру сұрақтарын қосу;
- 5) Баяндамашы қосылғағ демороликтер және қосымшалардың симуляторлары – веб-камера мен экрандағы мазмұнды бір уақытта жазып демороликтерді жасау функциясы. Симуляция модулін қосу. Экраннан тінтуір қозғалыстарымен, жүйелік дыбыстармен және пернелерді басумен бірге жазу;
- 6) Бірнеше модульдерден тұратын курстар құрастыру – код жазуды қажет етпейтін күрделі құрамдас курстарды жасау. Барлық модульдермен танысқаннан кейін ғана тесттерді өту курсы орнатуға юолады;
- 7) Дайын ресурстар, интерактивті материалдар мен тесттер – ресурстарды пайдалану: мәтінді сөзге түрлендіру, тест слайдтары, дайын интерактивті әрекеттердің кең таңдауы, соның ішінде орнын алмастыру. Суреттер мен мәтінді өзгерту арқылы оларды жобаларыңызға теңшеу.

*Құралдар мен ресурстар:*

- Пайдалануға дайын слайдтар;
- Жылдам жобалар;
- Виртуалды шындық арқылы оқыту;
- Интерактивті бейне;
- Зияткерлік бейне мүмкіндіктері-веб-камера және экран;
- Құрылғыда автоматты алдын ала қарау;
- Әртүрлі экрандар үшін бейімдеу жобаларын жасау;
- Контентті мобильді форматқа автоматты түрде түрлендіру;

- Экран түсіру функциясы;
- Microsoft Power Point арқылы тікелей өңдеу;
- Адаптивті мәтінді қолдау;
- Код жазусыз бейімді қозғалыс әсерлері;
- Реттелетін ажыратылатын субтитрлер;
- Түрлі құрылғыларда алдын ала қарау;
- Интуитивті түсінікті интерфейс;
- Кешенді тесттер;
- Мәтінді ауызша сөйлеуге түрлендіру;
- IOS құрылғысына жазу;
- Мақсатты анықтау функциясын қолдау;
- Кірістірілген бағдарлама жариялау құралы;
- Аудио және бейнені қолдау және синхрондау;
- Сүйреу негізіндегі адаптивті интерактивті элементтер;
- LMS жүйесінде кірістірілген алдын ала тексеру;
- Слайд үлгілері.

### **eAuthor**

*eAuthor* – бұл оқу орындарының, оқу орталықтарының оқытушыларына, әзірлеу бөлімдерінің қызметкерлеріне және оқу курстарының авторларына арналған қашықтықтан оқыту курстарының конструкторы. Электрондық білім беру курстарын, тесттерді және оқу басылымдарының басқа да түрлерін оңай және тиімді құруға мүмкіндік береді.

EAuthor-дегі жұмыс барынша жеңілдетілді: оқу курсың құру үшін мультимедиялық ақпараттық элементтерді (мәтіндер, бейне, дыбыс, анимация) жасалатын электрондық басылымдардың типтік үлгілеріне апарып, оларды тиісті құрылымда орналастыру жеткілікті.

Бағдарламамен жұмыс істеу техникалық немесе гуманитарлық білімі бар авторлар үшін де қиындық тудырмайды. Сонымен қатар, eAuthor курсты әзірлеудің бірегей технологиялық мүмкіндіктерін ұсына отырып, бағдарламаны меңгерууақытын бірнеше күнге дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Әр түрлі электронды оқу басылымдарының толықтыратын үлгілері әр түрлі оқу сценарийлері бар еркін құрылымда әзірленген курстарды жасау – курс мазмұнына әртүрлі метадеректерді енгізу, әзірленетін курсты өз бетінше де (Интернет немесе CD ROM), сондай-ақ қашықтықтан оқытудың түрлі жүйелерінде да пайдалануға мүмкіндік береді.


## Жоба

*Жоба* – бұл белгілі бір қасиеттерге ие олардың ішіндегі элементтердің бекітілген жиынтығы. Бұл элементтердің мазмұны мәтін, графикалық нысандар, медиа нысандар болуы мүмкін.

Жобаның түрі жобаның міндетін анықтайды. Жаңа жобаны жасау кезінде жоба түрін пайдаланушы таңдайды. Ең алдымен жобаның мазмұндық үлгісі жасалады (міндетті және рұқсат етілген элементтер).

*Жобаның басты түрлері:*

- оқу курсы;
- интерактивті басшылық;
- жалпы түрдегі оқу курсы;
- оқу-әдістемелік кешені;
- слайд курсы;
- тренинг;
- умк конструкторы;
- жаттығу конструкторы.



Сурет 1. – eAuthor пайдаланушы интерфейсі

## Macromedia FLASH


Flash технологиясы Shockwave Flash (SWF) форматында векторлық графиканы пайдалануға негізделген. Бірақ бұл бірінші векторлық форматқа жақын емес, және SWF әзірлеушілері графикалық көріністі онымен және веб-беттердің нәтижелерімен жұмыс істеуге



арналған құралдармен біріктірудің ең жақсы тәсілін тапты. SWF қосымша артықшылығы кез келген аппараттық және бағдарламалық платформаларға көшіру мүмкіндігі болып табылады. Көбінесе SWF негізіндегі рендерінг анимацияланған ғана емес, сонымен қатар интерактивті элементтер мен аудиокөріністерді қамтиды. Осыған байланысты SWF форматы жиі Flash деп аталады.

*Flash функциялары (басты артықшылықтары):*

- векторлық графика;
- анимацияның бірнеше түрін қолдау;
- интерфейстің интерактивті элементтерін жасау мүмкіндігі;
- импортталған графикалық форматтармен (оның ішінде растралық форматтармен) өзара іс-қимылды қолдау);
- синхронды қосымша дыбыс қосу мүмкіндігі;
- Flash-фильмдерді HTML форматына, сондай-ақ Интернетте қолданылатын кез келген графикалық форматқа экспорттау;
- платформадан Тәуелсіздік;
- Flash-фильмдерді автономды режимде, сондай-ақ веб-браузер арқылы көру мүмкіндігі;
- Flash-фильмдер жасауға арналған құралдардың толық жиынтығын, сондай-ақ Flash-технологиялардың техникалық аспектілерін шолу.



Сурет 2. – Бағдарлама интерфейсі

### ***Flash MX пайдаланушы интерфейсінің ұйымдастыру***

Пайдаланушы интерфейсінің редакторы Windows қолданбаларының стандарттарын қамтиды: мәзір жолы, құралдар тақтасындағы жапсырмалар. Flash MX басты терезесінде ең маңызды элементтер 2-суретте көрсетілген.

### **«Tamos University Suite» оқытуды басқару жүйелері (АБЖ)**

*Tamos University Suite* – бұл ЖОО-да (колледжде) кредиттік технология бойынша оқу үдерістерін автоматтандыру және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін кешенді шешім болып табылады. Tus 1.9 оқытуды басқарудың автоматтандырылған жүйесі республиканың бірқатар жоғары оқу орындарында табысты енгізілді.

*АСУО TUS 1.9 мүмкіндік береді:*

- кредиттік жүйе жағдайында оқыту процесін автоматтандыру;
- сырттай (қашықтықтан) және күндізгі бөлімдерге арналған қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Электрондық оқу құралдарының цифрлық педагогикадағы оқу процесін ұйымдастырудағы ролін түсіндіріңіз.
2. Электрондық оқыту құралдары қалай жіктелетінін сипаттаңыз.
3. Оқыту және бағалаушы бағдарламалық құралдарды сипаттаңыз.
4. Белсенді оқыту бағдарламалары дегенді қалай түсінесіз?
5. Қадағалаушы және бағалаушы бағдарламалық құралдар дегеніміз не?
6. Оқытудың бағдарламалық құралдары мен олардың функционалдық қызметтерін түсіндіріңіз.
7. Педагогикалық бағдарламалық құралдар, жүйелер, орталар олардың айырмашылығы қандай?

### **Тірек конспект**

**Microsoft Power Point** – презентацияларды дайындау мен презентацияларды қарау бағдарламасы, Microsoft Office бір бөлігі және Microsoft Windows және mac OS операциялық жүйелеріне арналған редакцияларда сондай-ақ Android және IOS мобильдік платформалары үшін қол жетімді болып табылады. PowerPoint көмегімен дайындалған материалдар үлкен экранда – проектор немесе үлкен көлемді теледидар экраны арқылы көрсетуге арналған.

**Prezi** – бұл виртуалды кенепте (на холсте) идеяларды ұсыну үшін презентациялар мен әңгімелеу құралы үшін бұлтты бағдарламалық қамтамасыз ету. Prezi сөзі – "қысқаша мазмұндама" дегенді білдіреді.

**Glogster** – бұл мәтін, бейне – сурет, гиперсілтеме және бейне – суреттері бар интерактивті плакаттарды жасау үшін пайдаланылатын тегін құрал.

**GLog** – графиканы, аудио, бейне және мәтінді бейнелерді бір цифрлық кенепте(холсте) біріктіре отырып, идеяларды оңай жеткізуге мүмкіндік беретін мультимедиялық интерактивті плакат.

**Learning Apps платформасы** (<https://learningapps.org>) интерактивті жаттығулар құру арқылы педагогикалық қорда ерекше орын алады. Платформаға кірген соң қолдану тілін таңдап, өзіңізге керекті бөлімді таңдау арқылы жұмыс жасай аласыз.

**Kahoot** – бұл дидактикалық мақсатта тиімді пайдалануға болатын онлайн-викториналар, тестілер мен сауалнамалар өткізуге арналған танымал сервис түрі. Білім алушылар ұсынылған тапсырмаларға планшеттерден, ноутбуктерден, смартфондардан, яғни Интернетке қосылған кез келген құрылғыдан жауап бере алады.

**Adobe Captivate** (бұрын Robo Demo атауымен белгілі) – Microsoft Windows пайдалану арқылы электрондық оқытуда қолданылатын электрондық курстарды жасау және редакциялау бағдарламасы, және Mac OS X үшін бесінші нұсқасында қолданылатын бейнесабақтар өткізуге, бағдарламаның симуляциясын жасауға, "swf" форматындағы оқу презентацияларды, түрлі тесттерді жасауға пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етудің бір түрі.

**eAuthor** – бұл оқу орындарының, оқу орталықтарының оқытушыларына, әзірлеу бөлімдерінің қызметкерлеріне және оқу курстарының авторларына арналған қашықтықтан оқыту курстарының конструкторы.

**Жоба** – бұл белгілі бір қасиеттерге ие олардың ішіндегі элементтердің бекітілген жиынтығы. Бұл элементтердің мазмұны мәтін, графикалық нысандар, медиа нысандар болуы мүмкін.

**Әдебиеттер:** [69, 74, 82, 93, 94, 100, 107, 115, 126, 128]

### 13. ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ОҚЫТУШЫНЫҢ РӨЛІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КҮЗІРЕТТІЛІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАЛАПТАР

#### Цифрлық педагогикадағы оқытушының ролі және қызметі

Цифрлық білім беру үдерісіне көшу кәсіптік білім беру мен оқытудың педагогикалық және қызмет көрсетуші құрамының қызметін айтарлықтай өзгертеді.

Сонымен қатар цифрлық білім берудегі өзара әрекеттесудің әртүрлі деңгейлерін қамтамасыз ететін рөлдік позициялардың үш тобы жаңартылады:

1) **оқытушы (маман) – білім алушы (білім алушылар тобы):** тренингті ұйымдастырушы және ынталандырушы, жаттықтырушы, ойын техникі, жоба ісінің маманы, білім беру жасақтаушы, жеке білім беру бағыттарының менеджері (пәнаралық тьютор) және т.б.;

2) **оқытушы (маман) – цифрлық технологиялар мен құралдар – білім алушы (білім алушылар тобы):** әдіскер – онлайн-курстардың сценарийін әзірлеуші, онлайн-курстарды әдістемелік қамтамасыз ету маманы, желілік оқытушы – тьютор, куратор (куратор немесе онлайн-плаформорма әкімшісі), командалық жоба жұмысы ортасын жасаушы, әлеуметтік – білім беру желілерінің модераторы, интернет-навигация нұсқаушысы, цифрлық білім беру аналитигі, веб-психолог және т.б.;

